

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2025 жылғы 16 шілдедегі № 210-VIII ҚРЗ

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы Заң қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2011 жылғы 26 желтоқсандағы "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне:

1) 17-баптың 2-тармағы 4) тармақшасындағы "соттаса, неке (ерлі-зайыптылық) ерлі-зайыптылардың кәмелетке толмаған ортақ балаларының болуына қарамастан, ерлі-зайыптылардың біреуінің өтініші бойынша тіркеуші органдарда бұзылады." деген сөздер "соттаса;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) қылмыстық қудалау органының халықаралық іздестіру жариялау туралы қаулысын сот санкциялаған күннен бастап үш жылдан астам халықаралық іздестіруде болса, неке (ерлі-зайыптылық) ерлі-зайыптылардың кәмелетке толмаған ортақ балаларының болуына қарамастан, ерлі-зайыптылардың біреуінің өтініші бойынша тіркеуші органдарда бұзылады.";

2) 238-баптың 4-тармағы 3) тармақшасындағы "сот үкімінің негізінде тіркеуші органдарда, Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемелерінде бұзылады." деген сөздер "сот үкімінің;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) сот санкциялаған күнінен бастап үш жыл өткен соң қылмыстық қудалау органының халықаралық іздестіру жариялау туралы қаулысының негізінде тіркеуші органдарда, Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемелерінде бұзылады.";

3) 241-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі "сот үкімінің" деген сөздерден кейін "; сот санкциялаған күнінен бастап үш жыл өткен соң қылмыстық қудалау органының халықаралық іздестіру жариялау туралы қаулысының" деген сөздермен толықтырылсын.

2. 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне:

1) 1-бап мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"4. Осы Кодекске өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу мынадай:

1) Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне енгізілетін өзгерістерге және (немесе) толықтыруларға байланысты;

2) қылмыстық жауаптылықты болғызбайтын;

3) Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен әзірленетін заң жобаларын қоспағанда, Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілеріне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу көзделмейтін заңмен жүзеге асырылады.";

2) 2-баптың екінші бөлігіндегі "негіздері" деген сөз "негізі" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 3-бапта:

2) тармақта:

"217-1-бапта – айлық есептік көрсеткіштен екі жүз есе асатын сомадағы залал;" деген сөздерден кейін "232-1-бапта – айлық есептік көрсеткіштен екі жүз есе асатын материалдық сыйақының және (немесе) мүліктік сипаттағы пайданың мөлшері;" деген сөздермен толықтырылсын;

"233-бапта – айлық есептік көрсеткіштен бір мың есе асатын сомада келтірілген залал;" деген сөздерден кейін "233-1-бапта – айлық есептік көрсеткіштен екі жүз есе асатын мұнай немесе мұнай өнімдерінің құны;" деген сөздермен толықтырылсын;

"269-1-бапта – айлық есептік көрсеткіштен екі жүз есе асатын сомадағы залал;" деген сөздерден кейін "301-1-бапта – құны айлық есептік көрсеткіштен елу есе асатын тауарлар саны;" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақта:

"197," деген цифрлар алып тасталсын;

"204" деген цифрлардан кейін ", 233-1" деген цифрлармен толықтырылсын;

"214" деген цифрлардан кейін ", 214-1 және 214-2" деген сөздермен толықтырылсын

;

4) тармақтың екінші абзацындағы "жауынгерлік техниканың" деген сөздер "әскери немесе жауынгерлік техниканың" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) тармақтың екінші абзацы "әуе немесе теңіз" деген сөздерден кейін ", әскери немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

18-1) тармақ:

"125-бабы екінші бөлігінің 5) тармағында және үшінші бөлігінде (қылмыс кәмелетке толмаған адамға қатысты жасалған жағдайда)" деген сөздерден кейін ", 125-1-бабы екінші бөлігінің 2) тармағында және үшінші бөлігінде (қылмыс кәмелетке толмаған адамға қатысты жасалған жағдайда)" деген сөздермен толықтырылсын:

"135" деген цифрлардан кейін ", 140" деген цифрлармен толықтырылсын;

38) тармақта:

"197," деген цифрлар алып тасталсын;

"204," деген цифрлардан кейін "233-1," деген цифрлармен толықтырылсын;

"214-бапта" деген сөздер "214, 214-1, 214-2-баптарда" деген сөздермен ауыстырылсын;

"214," деген цифрлардан кейін "214-1, 214-2," деген цифрлармен толықтырылсын;

"231-бапта – қолдан жасалған банкноттардың, монеталардың, бағалы қағаздардың, шетел валютасының айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асатын құны," деген сөздерден кейін "232-1-бапта – айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асатын материалдық сыйақының және (немесе) мүліктік сипаттағы пайданың мөлшері," деген сөздермен толықтырылсын;

"344-бапта" деген сөздер "344 және 352-1-баптарда" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 9-баптың екінші бөлігі "сәйкес" деген сөзден кейін "не өзара түсіністік қағидатында" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 15-баптың екінші бөлігіндегі "Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының" деген сөздер "Қазақстан Республикасы экс-Президентінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 31-бап мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

"6. Занды тұлға ретінде тіркелген ұйымдардың құрылтайшылары қатысушылары, басшылары, басқару органдарының мүшелері және жұмыскерлері және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, жұмыскерлері, бұл ұйымдар және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелері бір немесе бірнеше қылмыс жасау үшін көрінеу құрылған жағдайды қоспағанда, ұйымның және (немесе) оның құрылымдық бөлімшесінің ұйымдық-штаттық құрылымына және олардың ұйымды басқару жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыруына байланысты не ұйымның кәсіпкерлік немесе өзге де экономикалық қызметті жүзеге асыруына байланысты қандай да бір қылмыс жасауына орай ғана қылмыстық топ болып танылмайды.";

7) 43-баптың үшінші бөлігіндегі "жас балалары бар әйелдерге, үш жасқа дейінгі жас балаларын" деген сөздер "жас баласы бар немесе оны тәрбиелеп отырған әйелдерге, үш жасқа дейінгі жас баласын" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 44-бапта:

бірінші бөлікте:

"жас балалары бар" деген сөздер "жас баласы бар немесе оны тәрбиелеп отырған" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жас балаларын" деген сөздер "жас баласын" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік "емделу курсынан өту;" деген сөздерден кейін "психикаға белсенді әсер ететін заттарды медициналық емес мақсатта қолданбау; тұрақты жұмысы немесе

оқуы болмаған кезде бір ай ішінде халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті органда жұмыссыз ретінде тіркелу; сот айқындаған уақытта тұрғынжайдан кетпеу;" деген сөздермен толықтырылсын;

9) 46-бапта:

төртінші бөлік "әйелдерге," деген сөзден кейін "бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-1-бөлікпен толықтырылсын:

"4-1. Егер осы Кодекстің Ерекше бөлігі бабының санкциясында өмір бойына бас бостандығынан айырудан басқа, жазаның өзге түрі көзделмесе, онда он сегіз жасқа дейін қылмыс жасаған адамдарға он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру тағайындалады, ал әйелдерге, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге жиырма жылдан жиырма бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру тағайындалады."

бесінші бөліктің 2) тармағының үшінші абзацындағы және 3) тармағының үшінші абзацындағы "366-бабының 1-1, екінші және үшінші бөліктерінде, 367-бабының екінші және үшінші бөліктерінде," деген сөздер "366-бабының 1-1, екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде, 367-бабының екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде," деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 48-бапта:

бірінші бөліктегі "сотталған адамның меншігіндегі," деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің 5) тармағындағы "сотталған адам" деген сөздер алып тасталсын;

11) 53-баптың бірінші бөлігінің 4) тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) кінәлі адамның жас баласының болуы, оның ішінде оны тәрбиелеуінде жас баласының болуы;"

12) 55-бапта:

екінші бөлікте:

3) тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3) адам өміріне немесе денсаулығына қолсұғушылыққа байланысты ауыр қылмыс немесе аса ауыр қылмыс жасаған кезде – төрттен үшінен;"

мынадай мазмұндағы 4) тармақпен толықтырылсын:

"4) адам өміріне немесе денсаулығына қолсұғушылыққа байланысты аса ауыр қылмыс жасаған кезде бестен төртіннен асыруға болмайды.";

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Егер ауырлататын мән-жайлар қылмыстық құқық бұзушылық белгісі ретінде көзделсе, осы бөліктің ережелері қолданылмайды.";

үшінші бөлік "немесе мөлшердің жартысынан" деген сөздерден кейін ", адам өміріне немесе денсаулығына қолсұғушылыққа байланысты ауыр қылмыс немесе аса ауыр қылмыс жасағаны үшін – төрттен үшінен, ал адам өміріне немесе денсаулығына

қолсұғушылыққа байланысты аса ауыр қылмыс жасағаны үшін бестен төртінен" деген сөздермен толықтырылсын;

сегізінші бөліктің бірінші абзацы "ережелері" деген сөзден кейін "адамды қасақана қазаға ұшыратумен байланысты қылмыс," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы тоғызыншы бөлікпен толықтырылсын:

"9. Егер осы Кодекстің Ерекше бөлігі бабының санкциясында өмір бойына бас бостандығынан айырудан басқа, жазаның өзге түрі көзделмесе, онда осы баптың төртінші бөлігінде көзделген жағдайларда адамға жиырма жылдан жиырма бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындалуы мүмкін.

Дәл сол жағдайларда он сегіз жасқа дейін қылмыс жасаған адамдарға он бес жыл мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза, ал әйелдерге, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалуы мүмкін.";

13) 56-бапта:

төртінші бөлік мынадай мазмұндағы екінші және үшінші абзацтармен толықтырылсын:

"Осы Кодекстің Ерекше бөлігі бабының санкциясында өмір бойына бас бостандығынан айырудан басқа, жазаның өзге түрі көзделмеген жағдайларда жиырма бес жыл мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындалады.

Егер осы Кодекстің Ерекше бөлігі бабының санкциясында өмір бойына бас бостандығынан айырудан басқа, жазаның өзге түрі көзделмесе:

1) он сегіз жасқа дейін қылмыс жасаған адамдарға аяқталмаған қылмысы үшін жазаның мерзімін немесе мөлшерін есептеу осы Кодекстің 81-бабы жетінші бөлігінің ерекшеліктері ескеріле отырып, осы баптың екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген қағидалар бойынша айқындалады;

2) әйелдерге, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге аяқталмаған қылмысы үшін жазаның мерзімін немесе мөлшерін есептеу осы Кодекстің 46-бабы 4-1-бөлігінің ерекшеліктері ескеріле отырып, осы баптың екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген қағидалар бойынша айқындалады.";

14) 67-баптың тақырыбы және бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"67-бап. Ынтымақтастық туралы процестік келісімнің талаптары орындалған кезде қылмыстық жауаптылықтан және жазаны өтеуден босату

1. Ынтымақтастық туралы процестік келісімнің барлық талаптарын орындаған адам қылмыстық жауаптылықтан немесе жазаны өтеуден босатылады.";

15) 68-баптың екінші бөлігінде:

"жас балалары бар" деген сөздер "жас баласы бар немесе оны тәрбиелеп отырған" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жас балаларын" деген сөздер "жас баласын" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 72-бапта:

бірінші бөліктің төртінші абзацында:

"жас балалары бар" деген сөздер "жас баласы бар немесе оны тәрбиелеп отырған" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жас балаларын" деген сөздер "жас баласын" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің бірінші абзацы мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталған адам жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған жағдайда, пробациялық бақылау он жыл мерзімге белгіленеді.";

үшінші бөлікте:

3) тармақтағы "аса ауыр" деген сөздер "адамның өміріне немесе денсаулығына қолсұғушылыққа байланысты ауыр қылмыс немесе аса ауыр" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5) сотталған адам процестік келісімнің барлық талаптарын орындаған жағдайда, онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде төрттен бірін не ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен бірін не адамның өміріне немесе денсаулығына қолсұғушылыққа байланысты ауыр қылмыс немесе аса ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде жартысын не адамның өміріне немесе денсаулығына қолсұғушылыққа байланысты аса ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде төрттен үшін іс жүзінде өтегеннен кейін ғана шартты түрде мерзімінен бұрын босату қолданылуы мүмкін.";

төртінші бөліктің бірінші абзацында:

"жас балалары бар" деген сөздер "жас баласы бар немесе оны тәрбиелеп отырған" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектерге," деген сөздер "жас баласын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектерге, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған адамдарға, " деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5) сотталған адам процестік келісімнің барлық талаптарын орындаған жағдайда, онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде бестен бірін не ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде төрттен бірін не аса ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен бірін іс жүзінде өтегеннен кейін қолданылуы мүмкін.";

жетінші бөлікте:

2) тармақта:

"жас балалары бар" деген сөздер "жас баласы бар немесе оны тәрбиелеп отырған" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жас балаларын" деген сөздер "жас баласын" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақ "сот" деген сөзден кейін "шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жояды және" деген сөздермен толықтырылсын;

сегізінші бөлікте:

1) тармақ алып тасталсын;

3) тармақтың екінші абзацында:

"жас балалары бар" деген сөздер "жас баласы бар немесе оны тәрбиелеп отырған" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жас балаларын" деген сөздер "жас баласын" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақтағы "жас балалары бар әйелдердің, жас балаларды жалғыз тәрбиелеп отырған ерлердің," "сотталған адамдарға қолданылмайды." деген сөздер тиісінше "жас баласы бар немесе оны тәрбиелеп отырған әйелдердің, жас баласын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектердің," "сотталған;" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 6), 7), 8) және 9) тармақтармен толықтырылсын:

"6) осы Кодекстің 73-бабының тәртібінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазасы бас бостандығын шектеуге ауыстырылған сотталған;

7) бұрын өмір бойына бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған;

8) өмір бойына бас бостандығынан айыруды өтеу кезеңінде жаңа ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған;

9) азаптау үшін сотталған адамдарға қолданылмайды.";

17) 73-бапта:

бірінші бөлік мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Сот жазаның қалған өтелмеген бөлігін бас бостандығын шектеуге ауыстырған жағдайда, оны есептеу мерзімі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексімен регламенттеледі.";

екінші бөлікте:

бірінші абзац "үштен бірін" деген сөздерден кейін ", адамның өміріне немесе денсаулығына қолсұғушылыққа байланысты ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің жартысын" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Адамдардың қаза табуына алып келмеген және аса ауыр қылмыс жасаумен ұштаспаған террористік немесе экстремистік қылмысы үшін тағайындалған бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адамға осы бөліктің бірінші абзацында көрсетілген мерзімдерді іс жүзінде өтегеннен кейін, егер осындай адам террористік немесе экстремистік қылмыстарды болғызбауға, ашуға немесе тергеп-тексеруге, террористік немесе экстремистік топтың қатысушыларын әшкерелеуге белсенді түрде

жәрдемдескен болса, сот жазаның қалған өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыруы мүмкін.";

төртінші бөліктегі бірінші сөйлем "аспайтын бөлігін" деген сөздерден кейін ", адам өміріне немесе денсаулығына қолсұғушылыққа байланысты ауыр қылмыс үшін – үштен бірінен аспайтын бөлігін, ал адам өміріне немесе денсаулығына қолсұғушылыққа байланысты аса ауыр қылмыс үшін төрттен бірінен аспайтын бөлігін" деген сөздермен толықтырылсын;

18) 74-баптың тақырыбы мен бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"74-бап. Жүкті әйелдердің және жас баласы бар немесе оны тәрбиелеп отырған әйелдердің, жас баласын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектердің жазаны өтеуін кейінге қалдыру

1. Сотталған жүкті әйелдердің жазаны өтеуін сот бір жылға дейін кейінге қалдыруы мүмкін. Жас баласы бар немесе оны тәрбиелеп отырған сотталған әйелдер мен жас баласын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектердің жазасын орындауды сот бес жылға дейін, бірақ бала он төрт жасқа толғаннан аспайтын мерзімге кейінге қалдырады. Жеке адамға қарсы ауыр немесе аса ауыр қылмыстар, террористік қылмыстар, экстремистік қылмыстар, қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыстар, жас балаларға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар үшін бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған жүкті әйелдердің және жас баласы бар немесе оны тәрбиелеп отырған әйелдердің, жас баласын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектердің жазаны өтеуі кейінге қалдырылмайды.";

19) 77-баптың бесінші бөлігіндегі ", экономикалық қызмет саласында" деген сөздер алып тасталсын;

20) 78-баптың бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Рақымшылық жасау туралы актіні Қазақстан Республикасының Парламенті жеке-дара айқындалмаған адамдар тобына қатысты шығарады.

Рақымшылық жасауды қолдану шарты мен тәртібі рақымшылық жасау туралы актіде белгіленеді.

2. Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған адамдар рақымшылық жасау туралы актінің негізінде қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босатылуы мүмкін не оларға тағайындалған жаза қысқартылуы немесе жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстырылуы мүмкін не мұндай адамдар жазаның қосымша түрінен босатылуы мүмкін. Жазасын өтеген немесе оны одан әрі өтеуден босатылған адамдардан рақымшылық жасау туралы актімен сотталғандығы алып тасталуы мүмкін.

Кәмелетке толмаған адам он төрттен он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағанға қатысты жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс жасаған жағдайды қоспағанда, кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар, террористік

қылмыстар, экстремистік қылмыстар, азаптаулар жасаған, сондай-ақ қылмыстардың қайталануы немесе қылмыстардың қауіпті қайталануы кезінде жаза тағайындалған адамдарға рақымшылық жасау туралы акт қолданылмайды.";

21) 79-баптың үшінші бөлігінде:

5) тармақтағы "аса ауыр", "өткен соң жойылады." деген сөздер тиісінше "адам өміріне немесе денсаулығына қолсұғушылыққа байланысты ауыр қылмыстар немесе аса ауыр", "өткен соң;" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақпен толықтырылсын:

"5-1) адам өміріне немесе денсаулығына қолсұғушылыққа байланысты аса ауыр қылмыстар үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қатысты жазаны өтегеннен кейін он жыл өткен соң жойылады.";

22) 81-баптың жетінші бөлігі мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Егер осы Кодекстің Ерекше бөлігі бабының санкциясында өмір бойына бас бостандығынан айырудан басқа, жазаның өзге түрі көзделмесе, кәмелетке толмағандарға он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындалады.";

23) 93-баптың бірінші бөлігінің 5) тармағындағы "химиялық кастрациялау түрінде мәжбүрлеп емдеуді" деген сөздер "химиялық кастрациялауды" деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 105-баптың екінші бөлігінің 4) тармағындағы "оның ішінде Интернет желісін" деген сөздер "ақпараттандыру объектілерін, оның ішінде Интернет желісін" деген сөздермен ауыстырылсын;

25) мынадай мазмұндағы 115-1-баппен толықтырылсын:

"115-1-бап. Сталкинг

Сталкинг, яғни адамның еркіне қайшы онымен байланыс орнатуға және (немесе) оны аңдуға бағытталған, зорлық-зомбылықпен ұштаспайтын, елеулі зиян келтіруге алып келген әрекеттерден көрінетін заңсыз қудалау –

екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

26) 125-баптың ескертуі алып тасталсын;

27) мынадай мазмұндағы 125-1-баппен толықтырылсын:

"125-1-бап. Некеге тұруға мәжбүрлеу

1. Адамды күш қолдану не мүлікті жою немесе бүлдіру қатерін төндіріп, сол сияқты бопсалау жолымен, оның ішінде жәбірленушіні немесе оның жақындарын масқаралайтын мәліметтерді не жариялануы немесе таратылуы жәбірленушінің немесе оның жақындарының мүдделеріне елеулі зиян келтіруі мүмкін өзге де мәліметтерді жариялау немесе тарату қатерін төндіріп некеге тұруға мәжбүрлеу –

екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Мынадай:

- 1) күш қолданып;
- 2) көрінеу кәмелетке толмаған адамға қатысты;
- 3) жәбірленушінің материалдық немесе өзге де тәуелділігін пайдаланып жасалған;
- 4) адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған;
- 5) өз қызмет бабын пайдаланып жасалған дәл сол іс-әрекет –

бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер олар абайсызда ауыр зардаптарға алып келсе, –

бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

28) 132-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацындағы "оның ішінде Интернет желісін" деген сөздер "ақпараттандыру объектілерін, оның ішінде Интернет желісін" деген сөздермен ауыстырылсын;

29) 134-баптың үшінші бөлігінің 1-1) тармағындағы "оның ішінде Интернет желісін" деген сөздер "ақпараттандыру объектілерін, оның ішінде Интернет желісін" деген сөздермен ауыстырылсын;

30) 138-баптың бірінші абзацында орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

31) 140-бапта:

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"3. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, екі және одан көп адамға қатысты жасалған іс-әрекеттер –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

32) 144-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"144-бап. Кәмелетке толмаған адамды эротикалық мазмұндағы өнімді жасауға, таратуға, жарналамауға және сатуға тарту";

бірінші абзацтағы "Кәмелетке" деген сөз "1. Кәмелетке" деген сөздермен ауыстырылсын;

33) 147-бапта:

үшінші бөліктегі "телекоммуникациялар желісі" деген сөздер "телекоммуникациялар желісі, ақпараттандыру объектілері" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші бөліктегі "телекоммуникация желілерінде" деген сөздер "телекоммуникация желілерінде, ақпараттандыру объектілерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

34) 156-бапта:

екінші бөліктің екінші абзацындағы "үш жылға" деген сөздер "екі жылға" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктің екінші абзацындағы "немесе онсыз" деген сөздер алып тасталсын;

төртінші бөліктің екінші абзацындағы "үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз" деген сөздер "төрт жылға дейінгі мерзімге айыра отырып" деген сөздермен ауыстырылсын;

35) 177-бапта:

тақырыптағы "Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының" деген сөздер "Қазақстан Республикасы экс-Президентінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші абзацтағы "Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің –Елбасының өміріне оның заңды қызметіне кедергі жасау не осындай қызметі үшін кек алу мақсатында жасалған" деген сөздер "Қазақстан Республикасы экс-Президентінің өміріне оның Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттіктерін орындауымен байланысты қызметі үшін кек алу мақсатында жасалған" деген сөздермен ауыстырылсын;

36) 189-бапта:

үшінші бөліктің екінші абзацы "немесе онсыз," деген сөздерден кейін "жымқырылған мүліктің екі еселенгеннен үш еселенгенге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөліктің екінші абзацы "айыра отырып," деген сөздерден кейін "жымқырылған мүліктің үш еселенгеннен бес еселенгенге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

37) 190-бапта:

екінші бөліктің 4) тармағы "ақпараттық жүйені" деген сөздерден кейін "немесе Интернет желісін" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөліктің екінші абзацы "немесе онсыз," деген сөздерден кейін " жымқырылған мүліктің екі еселенгеннен үш еселенгенге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөліктің екінші абзацы "айыра отырып," деген сөздерден кейін " жымқырылған мүліктің үш еселенгеннен бес еселенгенге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

38) 197-бап алып тасталсын;

39) 205-бапта:

тақырыптағы ", ақпараттық жүйеге немесе телекоммуникациялар желісіне" деген сөздер алып тасталсын;

бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Электрондық жеткізгіште қамтылған, заңмен қорғалатын ақпаратқа, ақпараттандыру объектісіне елеулі зиян келтіруге алып келген қасақана құқыққа сыйымсыз қол жеткізу –";

40) 206-бапта:

бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Электрондық жеткізгіште, ақпараттандыру объектісінде қамтылған, заңмен қорғалатын ақпаратты қасақана құқыққа сыйымсыз жою немесе түрлендіру, сол сияқты ақпараттандыру объектісіне көрінеу жалған ақпаратты енгізу, егер бұл елеулі зиян келтіруге алып келсе, –";

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектісінде қамтылған, заңмен қорғалатын ақпаратты қасақана құқыққа сыйымсыз жою немесе түрлендіру, сол сияқты оған көрінеу жалған ақпаратты енгізу –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

мынадай мазмұндағы 2-1-бөлікпен толықтырылсын:

"2-1. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген:

1) бірнеше рет жасалған;

2) алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған іс-әрекеттер –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не

сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

үшінші бөлікте:

бірінші абзацтағы "немесе екінші бөліктерінде" деген сөздер ", екінші немесе 2-1-бөліктерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы "үш жылға" деген сөздер "төрт жылға" деген сөздермен ауыстырылсын;

41) 207-бапта:

тақырыптағы және бірінші бөліктің бірінші абзацындағы "Ақпараттық жүйенің немесе телекоммуникациялар желісінің" деген сөздер "Ақпараттандыру объектісінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілеріне қатысты жасалған дәл сол іс-әрекеттер –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

мынадай мазмұндағы 2-1-бөлікпен толықтырылсын:

"2-1. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген:

1) бірнеше рет жасалған;

2) алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған іс-әрекет –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан төрт жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

үшінші бөліктің бірінші абзацындағы "немесе екінші бөліктерінде" деген сөздер ", екінші немесе 2-1-бөліктерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

42) 208-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"208-бап. Ақпаратты құқыққа сыйымсыз иеленіп алу

1. Ақпараттандыру объектісінде қамтылған немесе электрондық жеткізгіште сақталған, заңмен қорғалатын ақпаратты қасақана құқыққа сыйымсыз көшіру немесе өзгедей құқыққа сыйымсыз иеленіп алу, егер бұл елеулі зиян келтіруге алып келсе, –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан екі жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бір жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

2. Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектісінде сақталатын, заңмен қорғалатын ақпаратты қасақана құқыққа сыйымсыз көшіру немесе өзгедей құқыққа сыйымсыз иеленіп алу –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген:

1) бірнеше рет жасалған;

2) алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған іс-әрекеттер –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген:

1) қылмыстық топ жасаған;

2) ауыр зардаптарға алып келген іс-әрекеттер –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан төрт жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

43) 209-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы "электрондық жеткізгіште сақталатын, ақпараттық жүйеде қамтылатын немесе телекоммуникациялар желісімен берілетін" деген сөздер "электрондық жеткізгіште, ақпараттандыру объектісінде қамтылатын" деген сөздермен ауыстырылсын;

44) 210-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Электрондық жеткізгіште немесе ақпараттандыру объектісінде қамтылатын ақпаратты құқыққа сыйымсыз жою, бұғаттау, түрлендіру, көшіру, пайдалану, компьютердің, абоненттік құрылғының, ақпараттандыру объектісінің жұмысын бұзу мақсатында компьютерлік бағдарлама, бағдарламалық өнім жасау немесе қолданыстағы бағдарламаға немесе бағдарламалық өнімге өзгерістер енгізу, сол сияқты

осындай бағдарламаны немесе бағдарламалық өнімді қасақана пайдалану және (немесе) тарату –";

45) 214-бапта:

тақырыптағы ", заңсыз банктік, микроқаржылық немесе коллекторлық қызмет" деген сөздер алып тасталсын;

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы ", банктік қызметті (банк операцияларын), микроқаржылық немесе коллекторлық қызметті тіркеусіз, сол сияқты" деген сөздер " тіркеусіз немесе" деген сөздермен ауыстырылсын;

46) мынадай мазмұндағы 214-1 және 214-2-баптармен толықтырылсын:

"214-1-бап. Заңсыз банктік, микроқаржылық қызмет

1. Банктік қызметті (банк операцияларын), микроқаржылық қызметті тіркеусіз, сол сияқты осындай қызмет үшін міндетті лицензиясыз не Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасын бұза отырып жүзеге асыру, егер бұл іс-әрекет азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі залал келтірсе не ірі мөлшерде кіріс алумен ұштасса, –

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Мынадай:

- 1) қылмыстық топ жасаған;
- 2) аса ірі мөлшерде кіріс алумен ұштасқан;
- 3) бірнеше рет жасалған дәл сол іс-әрекет –

мүлкі тәркіленіп, бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген іс-әрекетті алғаш рет жасаған адам залалды өз еркімен өтеген жағдайда қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

214-2. Заңсыз коллекторлық қызмет

1. Коллекторлық қызметті тіркеусіз, сол сияқты осындай қызмет үшін міндетті есептік тіркеусіз немесе коллекторлық агенттік коллекторлық агенттіктер тізілімінен алып тасталғаннан кейін не Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасын бұза отырып жүзеге асыру, егер бұл іс-әрекет азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі залал келтірсе не ірі мөлшерде кіріс алумен ұштасса, –

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Мынадай:

- 1) қылмыстық топ жасаған;
- 2) аса ірі мөлшерде кіріс алумен ұштасқан;
- 3) бірнеше рет жасалған дәл сол іс-әрекет –

мүлкі тәркіленіп, бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген іс-әрекетті алғаш рет жасаған адам залалды өз еркімен өтеген жағдайда қылмыстық жауаптылықтан босатылады.";

47) 223-баптың үшінші бөлігінің бірінші абзацындағы "азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соқса" деген сөздер "елеулі зиян келтіруге алып келсе" деген сөздермен ауыстырылсын;

48) мынадай мазмұндағы 232-1 және 233-1-баптармен толықтырылсын:

232-1-бап. Банктік шотқа, төлем құралына немесе сәйкестендіру құралына қолжетімділікті заңсыз ұсыну, беру және алу, сондай-ақ төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын заңсыз жүзеге асыру

1. Материалдық сыйақы және (немесе) мүліктік сипаттағы пайда үшін не оларды алу мақсатында үшінші тұлғаға өзінің банктік шотына не төлем құралына не сәйкестендіру құралына қолжетімділікті заңсыз ұсыну не оларды үшінші тұлғаға пайдалануға заңсыз беру –

мүлкі тәркіленіп, бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, айтарлықтай мөлшерде материалдық сыйақы немесе мүліктік сипаттағы пайда алуға алып келген не оларды алу мақсатында жасалған іс-әрекет –

мүлкі тәркіленіп, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, ірі мөлшерде материалдық сыйақы немесе мүліктік сипаттағы пайда алуға алып келген не оларды алу мақсатында жасалған іс-әрекеттер –

мүлкі тәркіленіп, төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Материалдық сыйақы немесе мүліктік сипаттағы пайда үшін не оларды алу мақсатында үшінші тұлғаның мүддесінде немесе үшінші тұлғаның пайдасына банктік шотын не төлем құралын не сәйкестендіру құралын пайдалана отырып, төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын заңсыз жүзеге асыру –

мүлкі тәркіленіп, екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

5. Осы баптың төртінші бөлігінде көзделген, айтарлықтай мөлшерде материалдық сыйақы немесе мүліктік сипаттағы пайда алуға алып келген не оларды алу мақсатында жасалған іс-әрекет –

мүлкі тәркіленіп, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

6. Осы баптың төртінші бөлігінде көзделген, ірі мөлшерде материалдық сыйақы немесе мүліктік сипаттағы пайда алуға алып келген не оларды алу мақсатында жасалған іс-әрекет –

мүлкі тәркіленіп, бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

7. Заңсыз төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру мақсатында банктік шотты не төлем құралын не сәйкестендіру құралын басқаруға қолжетімділікті заңсыз алу –

мүлкі тәркіленіп, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Осы бапта көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты алғаш рет жасаған, бұл туралы өз еркімен мәлімдеген, сондай-ақ осы құқық бұзушылықты ашуға немесе оның жолын кесуге белсенді түрде ықпал еткен адам, егер оның әрекеттерінде өзге қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады.";

"233-1-бап. Шығарылуының заңдылығын растайтын құжаттарсыз алынған мұнай мен мұнай өнімдерін тасымалдау, иемдену, өткізу, сақтау, сондай-ақ мұнайды қайта өңдеу

1. Айтарлықтай мөлшерде жасалған, шығарылуының заңдылығын растайтын құжаттарсыз алынған мұнай мен мұнай өнімдерін тасымалдау, иемдену, өткізу, сақтау, сондай-ақ мұнайды қайта өңдеу –

бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бір жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

2. Бірнеше рет жасалған дәл сол іс-әрекеттер –

екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, ірі мөлшерде жасалған іс-әрекеттер –

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген:

1) қылмыстық топ жасаған;

3) аса ірі мөлшерде жасалған іс-әрекеттер –

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, үш жылдан алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

49) 245-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы "екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына" деген сөздер "бюджетке түспеген төлемдердің екі еселенгеннен үш еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы "төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына" деген сөздер "бюджетке түспеген төлемдердің үш еселенгеннен бес еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктің екінші абзацындағы "екі еселенгеннен үш" деген сөздер "бес еселенгеннен жеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

50) 251-баптың тақырыбы және бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"251-бап. Жеке нотариустың, бағалаушының, жеке сот орындаушысының, коллекторлық агенттік жұмыскерінің, медиатордың, аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитордың немесе аудиторлық ұйым басшысының өкілеттіктерін теріс пайдалануы

1. Жеке нотариустың, бағалаушының, жеке сот орындаушысының, борышкермен және (немесе) оның өкілімен және (немесе) үшінші тұлғамен өзара іс-қимыл жасайтын коллекторлық агенттік жұмыскерінің, медиатордың, аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитордың немесе аудиторлық ұйым басшысының өз өкілеттіктерін өз

қызметінің міндеттеріне қайшы және өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында пайдалануы, егер бұл іс-әрекет елеулі зиян келтірсе, —";

51) 252-баптың тақырыбы және бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"252-бап. Жекеше күзет ұйымы, коллекторлық агенттік басшысының немесе жұмыскерінің өкілеттіктерін асыра пайдалануы

1. Жекеше күзет ұйымы басшысының немесе жұмыскерінің лицензияға сәйкес өздеріне берілген өкілеттіктерін асыра пайдалануы, сол сияқты борышкермен және (немесе) оның өкілімен және (немесе) үшінші тұлғамен өзара іс-қимыл жасайтын коллекторлық агенттік жұмыскерінің Қазақстан Республикасының коллекторлық қызмет туралы заңнамасында көзделген өкілеттіктерін өз қызметінің міндеттеріне қайшы асыра пайдалануы, егер бұл іс-әрекет күш қолданып немесе оны қолдану қатерін төндіріп, мүлікті жою немесе бүлдіру қатерін төндіріп, жалған құжаттар жасап, бопсалап жасалса, —";

52) 253-баптың төртінші бөлігінің екінші абзацындағы "бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына" деген сөздер "берілген ақшаның немесе берілген мүлік құнының он еселенгеннен жиырма еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

53) 272-баптың төртінші бөлігінің бірінші абзацындағы "оның ішінде Интернет желісін" деген сөздер ", ақпараттандыру объектілерін, оның ішінде Интернет желісін" деген сөздермен ауыстырылсын;

54) 301-1-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Шегілмейтін темекі бұйымдарын, электрондық тұтыну жүйелерін (вейптерді), оларға арналған хош иістендіргіштер мен сұйықтықтарды сату және тарату не оларды айтарлықтай мөлшерде сату немесе тарату мақсатында сақтау, жөнелту, тасымалдау —";

55) 307-баптың екінші бөлігінің 3) және 4) тармақтарындағы "табыс табумен", "пайдалана отырып жасаған дәл сол іс-әрекеттер —" деген сөздер тиісінше "табыс табумен жасалған", "пайдалана отырып жасаған;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақпен толықтырылсын:

"5) бірнеше рет жасалған дәл сол іс-әрекеттер —";

56) 309-баптың екінші бөлігінің 3) тармағындағы "оның ішінде Интернетті" деген сөздер "ақпараттандыру объектілерін, оның ішінде Интернет желісін" деген сөздермен ауыстырылсын;

57) 318-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацы "жасаған не" деген сөздерден кейін "абайсызда" деген сөзбен толықтырылсын;

58) 323-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацы "егер бұл" деген сөздерден кейін "абайсызда" деген сөзбен толықтырылсын;

59) 324-бапта:

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы "ірі залал келтіруге әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса немесе адамның денсаулығына зиян келтірсе" деген сөздер "абайсызда адам денсаулығына зиян келтіруге немесе ірі залал келтіруге алып келуі мүмкін болса немесе алып келсе" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, абайсызда аса ірі залал келтіруге не өзге де ауыр зардаптарға алып келген іс-әрекет –";

60) 325-бапта:

бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Экологиялық тұрғыдан әлеуетті қауіпті химиялық немесе биологиялық заттарды өндіру, тасымалдау, сақтау, көму, пайдалану немесе олармен өзге де жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптарды бұзу, егер бұл іс-әрекет абайсызда адамның денсаулығына зиян келтіруге немесе айтарлықтай залал келтіруге алып келуі мүмкін болса немесе алып келсе, –";

үшінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, абайсызда аса ірі залал келтіруге не өзге де ауыр зардаптарға алып келген іс-әрекеттер, –";

61) 326-бапта:

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы "айтарлықтай залал келтіруге әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса немесе адамның денсаулығына зиян келтірсе" деген сөздер "абайсызда адамның денсаулығына зиян келтіруге немесе айтарлықтай залал келтіруге алып келуі мүмкін болса немесе алып келсе" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, абайсызда аса ірі залал келтіруге не өзге де ауыр зардаптарға алып келген іс-әрекеттер –";

62) 328-бапта:

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы "айтарлықтай залал келтіруге әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса немесе адамның денсаулығына зиян келтірсе" деген сөздер "абайсызда адамның денсаулығына зиян келтіруге немесе айтарлықтай залал келтіруге алып келуі мүмкін болса немесе алып келсе" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, абайсызда аса ірі залал келтіруге не өзге де ауыр зардаптарға алып келген іс-әрекеттер –";

63) 329-бапта:

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы "ірі залал келтіруге әкеп соқса немесе адамның денсаулығына зиян келтірсе" деген сөздер "абайсызда адамның денсаулығына зиян келтіруге немесе ірі залал келтіруге алып келсе" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Абайсызда аса ірі залал келтіруге не өзге де ауыр зардаптарға алып келген дәл сол іс-әрекет –";

64) 330-бапта:

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы "ірі залал келтіруге әкеп соқса немесе адамның денсаулығына зиян келтірсе" деген сөздер "абайсызда адамның денсаулығына зиян келтіруге немесе ірі залал келтіруге алып келсе" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Абайсызда аса ірі залал келтіруге не өзге де ауыр зардаптарға алып келген дәл сол іс-әрекет –";

65) 332-бапта:

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы "ірі залал келтіруге әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса немесе адамның денсаулығына зиян келтірсе" деген сөздер "абайсызда адамның денсаулығына зиян келтіруге немесе ірі залал келтіруге алып келуі мүмкін болса немесе алып келсе" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің бірінші абзацы "көзделген" деген сөзден кейін "абайсызда" деген сөзбен толықтырылсын;

үшінші бөліктің бірінші абзацында:

"аумақтарда" деген сөзден кейін "абайсызда" деген сөзбен толықтырылсын;

"өзге де ауыр зардаптардың басталуына" деген сөздер "өзге де ауыр зардаптарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

66) 333-бапта:

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы "ірі залал келтіруге әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса немесе адамның денсаулығына зиян келтірсе" деген сөздер "абайсызда адамның денсаулығына зиян келтіруге немесе ірі залал келтіруге алып келуі мүмкін болса немесе алып келсе" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Абайсызда аса ірі залал келтіруге не өзге де ауыр зардаптарға алып келген дәл сол іс-әрекет – ";

67) 339-бапта:

тақырыптағы ", олардың бөліктерімен немесе дериваттарымен" деген сөздер алып тасталсын;

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы "олардың бөліктерін немесе дериваттарын," деген сөздер алып тасталсын;

1-1-бөлікте:

бірінші абзацтағы "немесе оның дериваттарын, оның ішінде мүйіздерін" деген сөздер алып тасталсын;

екінші абзац "тәркіленіп," деген сөзден кейін "белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

68) мынадай мазмұндағы 339-1 және 352-1-баптармен толықтырылсын:

"339-1-бап. Өсімдіктердің немесе жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген, сондай-ақ пайдалануға тыйым салынған түрлерінің бөліктерімен немесе дериваттарымен заңсыз айналысу

1. Өсімдіктердің немесе жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің, оның ішінде айналысы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен реттелетін түрлерінің бөліктерін немесе дериваттарын, сондай-ақ пайдалануға тыйым салынған өсімдіктердің немесе жануарлардың бөліктерін немесе дериваттарын заңсыз иемдену, сақтау, өткізу, әкелу, әкету, жөнелту, тасымалдау –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бес жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Киіктің бөліктерін немесе дериваттарын, оның ішінде оның мүйіздерін заңсыз иемдену, сақтау, өткізу, әкелу, әкету, жөнелту, тасымалдау –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген:

- 1) бірнеше рет жасалған;
- 2) адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған;
- 3) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған;
- 4) адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып жасаған;
- 5) ірі мөлшерде жасалған іс-әрекеттер –

мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, екі мыңнан бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген:

- 1) қылмыстық топ жасаған;
- 2) аса ірі мөлшерде жасалған іс-әрекеттер –

мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

"352-1-бап. Әуе кемесін басқаруға бөгеуіл жасау

1. Лазерлік құрылғыларды немесе пилотсыз ұшу аппараттарын әуе кемесіне бағыттау арқылы әуе кемесін басқаруға бөгеуіл жасау –

екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамауға алуға жазаланады.

2. Абайсызда адам денсаулығына ауыр немесе ауырлығы орташа зиян келтіруге не ірі залал келтіруге алып келген дәл сол іс-әрекет –

үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, абайсызда адамның өліміне алып келген іс-әрекет –

үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, абайсызда екі немесе одан да көп адамның өліміне алып келген іс-әрекет –

алты жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

69) 370-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы "азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соқса" деген сөздер "елеулі зиян келтіруге алып келсе" деген сөздермен ауыстырылсын;

70) 380-баптың екінші бөлігінің 4) тармағындағы "оның ішінде Интернет желісін" деген сөздер "ақпараттандыру объектілерін, оның ішінде Интернет желісін" деген сөздермен ауыстырылсын;

71) 385-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы және екінші бөлігінің екінші абзацындағы "екі мың", "төрт мың" деген сөздер тиісінше "белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан төрт жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, екі мың", "белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан төрт жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, төрт мың" деген сөздермен ауыстырылсын;

72) 387-баптың тақырыбындағы "қызметтен" деген сөз "қызметке шақырылудан" деген сөздермен ауыстырылсын;

73) 392-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацында:

"бес жыл мерзімге" деген сөздер алып тасталсын;

"бір мың" деген сөздер "екі мың" деген сөздермен ауыстырылсын;

"бір жылға" деген сөздер "үш жылға" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-бөлікпен толықтырылсын:

"1-1. Мынадай:

1) адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған;

2) бірнеше рет жасалған;

3) өзіне қатысты өзіне көрінеу белгілі Қазақстан Республикасына кіруге не Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге кетуге тыйым салу (уақытша шектеу) белгіленген адам жасаған дәл сол іс-әрекеттер –

шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жібере отырып, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

екінші бөлікте:

бірінші абзацтағы "Қылмыстық топ жасаған не күш қолданып немесе оны қолдану қатерін төндіріп жасалған дәл сол" деген сөздер "Осы баптың бірінші немесе 1-1-бөліктерінде көзделген, қылмыстық топ жасаған не күш қолданып немесе оны қолдану қатерін төндіріп жасалған" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы "бес жыл мерзімге" деген сөздер алып тасталсын, "бес жылға" деген сөздер "төрт жылдан жеті жылға" деген сөздермен ауыстырылсын;

74) 394-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"394-бап. Заңсыз көші-қонды ұйымдастыру

1. Көлік құралдарын не қолдан жасалған құжаттар не тұрғын немесе өзге де үй-жай беру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасының аумағы бойынша заңсыз келу, кету, орнын ауыстыру үшін өзге де қызметтер көрсету арқылы заңсыз көші-қонды ұйымдастыру –

шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жібере отырып, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Бірнеше рет жасалған не адам өзінің қызметтік өкілеттіктерін пайдаланып немесе алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған дәл сол іс-әрекет –

шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жібере отырып, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан жеті жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, жеті мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не үштен жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, қылмыстық топ жасаған немесе ауыр зардаптарға алып келген іс-әрекет –

шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жібере отырып, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

75) 405-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы және екінші бөлігінің екінші абзацындағы "бес жыл мерзімге" деген сөздер алып тасталсын;

76) 406-баптың бірінші абзацындағы "азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерінің не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерінің елеулі түрде бұзылуына әкеп соқса" деген сөздер "елеулі зиян келтіруге алып келсе" деген сөздермен ауыстырылсын;

77) 408-бапта:

тақырыптағы "сот төрелігін немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның" деген сөздер "сот төрелігін, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын немесе заң көмегін көрсететін адамның, сондай-ақ сарапшының және маманның" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші абзацтағы ", сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның, қорғаушының, сарапшының," деген сөздер ", сот төрелігін немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның, қорғауды не өкілдікті жүзеге асыратын адвокаттың, сарапшының, маманның," деген сөздермен ауыстырылсын;

78) 409-бапта:

тақырыптағы "немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыруға байланысты" деген сөздер ", сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыруға байланысты немесе сот ісін жүргізуге қатысуына байланысты" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің бірінші абзацында:

"орындалуына" деген сөзден кейін ", заң көмегінің көрсетілуіне" деген сөздермен толықтырылсын;

"қорғаушыға, сарапшыға," деген сөздер "қорғауды не өкілдікті жүзеге асыратын адвокатқа, сарапшыға, маманға," деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктің 4) тармағындағы "оның ішінде Интернет желісін" деген сөздер "ақпараттандыру объектілерін, оның ішінде Интернет желісін" деген сөздермен ауыстырылсын;

79) 411-баптың тақырыбы және екінші бөлігінің бірінші абзацы "адамға," деген сөзден кейін "қорғауды не өкілдікті жүзеге асыратын адвокатқа," деген сөздермен толықтырылсын;

80) 427-баптың бірінші бөлігіндегі "түзеу мекемесіне" деген сөздер "қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемесіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

81) 428-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"428-бап. Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелері әкімшілігінің заңды талаптарына бағынбау";

бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жүрген адамның қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелері әкімшілігінің заңды талаптарына қаскөйлікпен бағынбауы –";

үшінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелері әкімшілігінің заңды талаптарына топтасып бағынбауды ұйымдастыру, сол сияқты жазаны өтеудің белгіленген тәртібін (режимін) бұзу мақсатында өзіне қандай да бір қасақана зақым келтіруден көрінген топтасып бағынбауға қатысу не күш қолданумен ұштасқан немесе ауыр зардаптарға алып келген топтасып бағынбауға қатысу –";

82) 429-бапта:

тақырыптағы ", сондай-ақ сотталған адамға" деген сөздер алып тасталсын;

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы және төртінші бөліктің бірінші абзацындағы " , сондай-ақ сотталған адамға қатысты оның түзелуіне кедергі жасау немесе оның мекеме әкімшілігіне көрсеткен жәрдемі үшін кек алу мақсатында" деген сөздер алып тасталсын;

83) 435-бапта:

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы ", егер бұл іс-әрекеттер адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына немесе заңды мүдделеріне, заңды тұлғалардың құқықтарына немесе заңды мүдделеріне, қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтірсе," деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып, сол сияқты адвокатқа немесе оның жақындарына қатысты күш қолданып немесе оны қолдану қатерін төндіріп не олардың мүлкін бүлдіріп немесе жойып жасаған дәл сол іс-әрекеттер –";

84) 438-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1-бөлікпен толықтырылсын:

"1-1. Денсаулыққа ауырлығы орташа зиян келтіріліп жасалған дәл сол іс-әрекеттер

—
төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

екінші бөлікте:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші немесе 1-1-бөліктерінде көзделген, мынадай:";

3) тармақтағы "немесе ауырлығы орташа" деген сөздер алып тасталсын;

үшінші бөліктің бірінші абзацы "бірінші" деген сөзден кейін ", 1-1" деген цифрлармен толықтырылсын;

төртінші бөліктің бірінші абзацындағы "бірінші немесе екінші" деген сөздер "бірінші, 1-1, екінші немесе үшінші" деген сөздермен ауыстырылсын;

85) 439-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1-бөлікпен толықтырылсын:

"1-1. Денсаулыққа ауырлығы орташа зиян келтіріліп жасалған дәл сол іс-әрекеттер

— төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

екінші бөлікте:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші немесе 1-1 бөліктерінде көзделген мынадай:";

3) тармақтағы "немесе ауырлығы орташа" деген сөздер алып тасталсын;

үшінші бөліктің бірінші абзацы "бірінші" деген сөзден кейін ", 1-1" деген цифрлармен толықтырылсын;

төртінші бөліктің бірінші абзацындағы "бірінші немесе екінші" деген сөздер "бірінші, 1-1, екінші немесе үшінші" деген сөздермен ауыстырылсын;

86) 440-бапта:

мынадай мазмұндағы 2-1-бөлікпен толықтырылсын:

"2-1. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, денсаулыққа ауырлығы орташа зиян келтіріліп жасалған іс-әрекет –

бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

үшінші бөлікте:

бірінші абзацтағы "немесе екінші" деген сөздер ", екінші немесе 2-1" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақтағы "немесе ауырлығы орташа" деген сөздер алып тасталсын;

төртінші бөліктің бірінші абзацы "екінші" деген сөзден кейін ", 2-1" деген цифрлармен толықтырылсын;

87) 443-бапта:

екінші бөліктің бірінші абзацы "кезінде" деген сөзден кейін "немесе соғыс уақытында" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөлік алып тасталсын;

88) 445-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы "екі жылға" деген сөздер "үш жылға" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы "бес" деген сөз "жеті" деген сөзбен ауыстырылсын;

89) 450-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы, 451-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы және 452-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы "

азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соқса", "азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соққан" деген сөздер тиісінше "елеулі зиян келтіруге алып келсе", "елеулі зиян келтіруге алып келген" деген сөздермен ауыстырылсын;

90) 455-баптың бірінші абзацы "бекіністерді," деген сөзден кейін "әскери немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

91) 459-бапта:

бірінші бөлікте:

бірінші абзацтағы "оқ-дәрілерді," деген сөздер алып тасталсын;

екінші абзацта:

"екі мың" деген сөздер "төрт мың" деген сөздермен ауыстырылсын;

"сол мерзімге" деген сөздер "төрт жылға дейінгі мерзімге" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы "бес жылға дейінгі" деген сөздер "үш жылдан сегіз жылға дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

92) 460-бапта:

бірінші абзацтағы "оқ-дәрілерді," деген сөздер алып тасталсын;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

93) 461-баптың бірінші абзацындағы ", оқ-дәрілерді" деген сөздер алып тасталсын;

94) 462-бапта:

тақырыпта орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы "оқ-дәрілермен," деген сөздер алып тасталсын

;

95) 464-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацы "аварияға немесе" деген сөздерден кейін "әскери немесе" деген сөздермен толықтырылсын.

3. 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне:

1) 1-бап мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"4. Осы Кодекске өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу мынадай:

1) Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне енгізілетін өзгерістерге және (немесе) толықтыруларға байланысты;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен әзірленетін заң жобаларын қоспағанда, Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілеріне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу көзделмейтін заңмен жүзеге асырылады.";

2) 7-бапта:

мынадай мазмұндағы 33-1) тармақпен толықтырылсын:

"33-1) параллель қаржылық тергеп-тексеру – сотқа дейінгі тергеп-тексеру шеңберінде қабылданатын, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 48-бабына сәйкес тәркіленуге жататын мүліктің заңсыз, оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынғанын немесе осы мүліктен түскен кіріс болып табылатынын растайтын мән-жайларды анықтауға, ашуға және зерттеуге, сондай-ақ қылмыстық активтерді жасыруға қатысы бар адамдарды анықтауға, қылмыстық кірістердің қозғалысын қадағалауға халықаралық ынтымақтастықты қоса алғанда, заңда белгіленген рәсімдерге сәйкес оларға тыйым салу, тәркілеу немесе заңды иелеріне қайтару бойынша шаралар қабылдауға бағытталған, осы Кодексте көзделген шаралардың жиынтығы;"

34) тармақта:

"Бас Прокуроры," деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының Бас әскери және Бас көлік прокуроры," деген сөздермен толықтырылсын;

"сондай-ақ" деген сөзден кейін "өңірлер мен гарнизондардың әскери прокурорлары, өңірлік көлік прокурорлары," деген сөздермен толықтырылсын;

3) 23-баптың төртінші бөлігі "Қорғаушы" деген сөзден кейін "қорғалуға құқығы бар куәгерді," деген сөздермен толықтырылсын;

4) 32-баптың үшінші бөлігінде:

"115," деген цифрлардан кейін "115-1," деген цифрлармен толықтырылсын;

"121-1," деген цифрлардан кейін "125-1 (бірінші бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

5) 42-1-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қылмыстық процесті жүргізуші адам техникалық мүмкіндіктерді ескере отырып, қылмыстық сот ісін электрондық форматта жүргізуге құқылы, бұл туралы уәжді қаулы шығарады.

Қылмыстық сот ісін одан әрі электрондық форматта жүргізу мүмкін болмаған жағдайда, қылмыстық процесті жүргізуші адам қағаздағы форматқа көшеді, бұл туралы уәжді қаулы шығарады.

Қылмыстық процесті жүргізу форматы туралы қаулыға қылмыстық процеске қатысушылар осы Кодекстің 100-бабында көзделген тәртіппен шағым жасай алады.";

6) 43-бапта:

бірінші бөлік мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Бір іс жүргізуде пара алу, пара беру, паракорлықта делдалдық ету немесе параға коммерциялық сатып алу жөніндегі өзара байланысты қылмыстар туралы қылмыстық істер де біріктірілуі мүмкін.";

бесінші бөлік алып тасталсын;

7) 52-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы "146 (екінші және үшінші бөліктерінде)" деген сөздер "146 (үшінші және төртінші бөліктерінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 58-баптың бірінші бөлігі "басқармалар мен бөлімдердің аға прокурорлары мен прокурорлары," деген сөздерден кейін "өңірлер мен гарнизондардың әскери прокурорлары, өңірлік көлік прокурорлары," деген сөздермен толықтырылсын;

9) 59-баптың екінші бөлігі мынадай мазмұндағы 2-1) тармақпен толықтырылсын:

"2-1) тергеушінің параллель қаржылық тергеп-тексеруді уақтылы және сапалы жүргізуіне бақылауды жүзеге асыруға;"

10) 60-баптың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Қылмыстық істер бойынша тергеп-тексеру жүргізген кезде тергеуші параллель қаржылық тергеп-тексеруді уақтылы және сапалы жүргізуге міндетті.";

11) 61-баптың бірінші бөлігі 6) тармағындағы "ісін жүргізу жүктеледі." деген сөздер "ісін жүргізу;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақпен толықтырылсын:

"7) параллель қаржылық тергеп-тексеру жүргізу жүктеледі.";

12) 62-бапта:

бірінші бөлік "бөлімінің" деген сөзден кейін "(бөлімшесінің)" деген сөзбен толықтырылсын;

төртінші бөлік мынадай мазмұндағы 2-1) тармақпен толықтырылсын:

"2-1) параллель қаржылық тергеп-тексеру жүргізу туралы нұсқаулар беруге;"

13) 63-баптың бесінші бөлігіндегі "күдіктінің немесе олардың әрекеттері үшін заң бойынша материалдық жауаптылықта болатын тұлғалардың мүлкін анықтауға шаралар қолдануға" деген сөздер "параллель қаржылық тергеп-тексеру жүргізуге" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 65-бапта:

бесінші бөлік 6) тармағындағы "мәлімдеуге құқылы." деген сөздер "мәлімдеуге;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақпен толықтырылсын:

"7) қорғау актісіне қол қоюға құқылы.";

алтыншы бөлік мынадай мазмұндағы 4-1) тармақпен толықтырылсын:

"4-1) қорғау актісіне қол қоюға;"

15) 65-1-бапта:

екінші бөліктің 6) тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) өз бетінше немесе өзінің туыстары немесе сенім білдірілген адамдары арқылы қорғаушыны шақыруға құқығы бар. Егер қорғалуға құқығы бар куә, оның туыстары

немесе сенім білдірілген адамдары қорғаушыны шақырмаса, қылмыстық қудалау органы осы Кодекстің 67-бабының үшінші бөлігінде көзделген тәртіппен оның қатысуын қамтамасыз етуге міндетті;"

мынадай мазмұндағы 3-1, 3-2 және алтыншы бөліктермен толықтырылсын:

"3-1. Қорғалуға құқығы бар куәнің құқықтары мен міндеттері оның қатысуымен болатын алғашқы процестік әрекет басталар алдында түсіндіріледі.

3-2. Егер қорғалуға құқығы бар куә бірінші жауап алу басталғанға дейін айғақтар беруден бас тарту құқығын пайдаланбаса, оның айғақтары қылмыстық процесте, оның ішінде кейіннен осы айғақтардан бас тартқан кезде де дәлелдемелер ретінде пайдаланылуы мүмкін екендігі туралы оған ескертілуге тиіс."

"6. Адам күдікті мәртебесін алған немесе оған қатысты қылмыстық қудалауды бастауға негіздердің жоқтығы туралы қаулы шығарылған кезден бастап қорғалуға құқығы бар куә жағдайында болмайды."

16) 66-баптың бірінші бөлігі "кезінде" деген сөзден кейін "және осы Кодексте көзделген өзге де жағдайларда" деген сөздермен толықтырылсын;

17) 67-бапта:

бірінші бөлікте:

1), 2), 3) және 4) тармақтардағы "күдікті," деген сөз "қорғалуға құқығы бар куә, күдікті" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Осы баптың бірінші бөлігінің 1) – 4) тармақтарында көзделген жағдайларда қорғалуға құқығы бар куәнің қорғаушысының қатысуы оның қорғалуға құқығы бар куә ретінде алғашқы жауап алуы жүргізілген кезден бастап қамтамасыз етіледі."

үшінші бөлік "ақталған адамның" деген сөздерден кейін ", қорғалуға құқығы бар куәнің" деген сөздермен толықтырылсын;

18) 68-баптың жетінші бөлігі "тиісті" деген сөзден кейін "қорғалуға құқығы бар куәнің," деген сөздермен толықтырылсын;

19) 69-баптың бірінші бөлігінде:

"Күдікті" деген сөз "Қорғалуға құқығы бар куә, күдікті" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қорғаушының қатысуымен" деген сөздерден кейін "қорғалуға құқығы бар куәнің," деген сөздермен толықтырылсын;

20) 70-баптың екінші бөлігінің 5) тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) жедел-іздістіру және қарсы барлау іс-шаралары, жасырын тергеу әрекеттері туралы деректер қамтылған іс материалдарын қоспағанда, іске кіріскен кезден бастап, өзінің қорғауындағы адамға қатысты істің мынадай материалдарымен:

адамның жасалған қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызында, хабарында қамтылған дербес деректерді қоспағанда, осындай арыздармен, хабарлармен;

оларда қамтылған дербес деректерді қоспағанда, қылмыстық құқық бұзушылық туралы мәліметтердің табылғанын растайтын, қолдарында бар құжаттар мен өзге де материалдарды (олар болған кезде) қоса бере отырып, қылмыстық құқық бұзушылықтың анықталғаны туралы баянатпен;

қорғауындағы адамның қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің және процестік әрекеттердің хаттамаларымен;

өзінің қорғауындағы адамға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының:

бұлтартпау шарасын қолдану және бұлтартпау шарасын қолдануға санкция беру туралы сот алдында өтінішхатты қозғау;

сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарын іс жүргізуге қабылдау;

тергеу, жедел-тергеу тобын құру;

қылмыстық іс бойынша сот ісін жүргізу тілін белгілеу;

оларда қамтылған дербес деректерді қоспағанда, жәбірленуші деп тану;

азаматтық талапкер деп тану;

күдікті деп тану;

күдіктінің іс-әрекетін саралау;

бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхатты қозғау;

қорытынды беру үшін маманды тарту;

сот сараптамасын тағайындау;

мүлікке тыйым салуды қолдану;

сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін үзу;

сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтату;

тоқтатылған сотқа дейінгі тергеп-тексеруді қайта бастау;

қорғау тарапының шағымдарын, өтінішхаттарын қарау нәтижелері;

тінту, алу (олар аяқталғаннан кейін) жүргізу;

тергеу экспериментін жүргізу;

сараптамалық зерттеу үшін үлгілер алу туралы қаулылармен танысуға, сондай-ақ ғылыми-техникалық құралдардың көмегімен олардың көшірмелерін түсіруге не сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамнан оларды алуға құқылы.

Сонымен қатар, ғылыми-техникалық құралдардың көмегімен:

маман, сарапшы қорытындысының, өзінің қорғауындағы адамға қатысты қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабардың;

тергеу әрекеттерін жүргізудің аяқталғаны және қылмыстық іс материалдарымен танысу құқығын түсіндіру туралы хабарламаның көшірмелерін түсіруге құқылы.

Мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді және айыптау куәларының тізімін қоспағанда, сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін қылмыстық істің барлық материалымен танысуға, одан кез келген көлемде кез келген мәліметтерді жазып алуға, ғылыми-техникалық құралдардың көмегімен көшірмелерін түсіруге құқылы;"

21) 71-бапта:

алтыншы бөлікте:

9) тармақ ", ғылыми-техникалық құралдарды қолдана отырып, хаттамалардың көшірмелерін түсіруге және алуға;" деген сөздермен толықтырылсын;

11) және 18-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"11) мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін осы Кодексте белгіленген тәртіппен істің материалдарымен танысуға және одан кез келген мәліметтерді жазып алуға, сондай-ақ ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, көшірмелерін түсіруге;"

"18) анықтаушының, тергеушінің, прокурордың және соттың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешіміне шағым жасауға және заңда белгіленген жағдайларда оларды қарауға қатысуға;"

22) 76-баптың екінші бөлігінің екінші абзацындағы "қорғаушы" деген сөз "жәбірленушінің өкілі" деген сөздермен ауыстырылсын;

23) 80-баптың екінші бөлігі "бөлімшесінің" деген сөзден кейін "сотқа дейінгі тергеп-тексеруді, Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуын жоғары қадағалауды жүзеге асыру, сотта мемлекеттің мүдделерін білдіру және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіктері жоқ" деген сөздермен толықтырылсын;

24) 88-баптың бірінші бөлігіндегі "87-бабында" деген сөздер "87-бабының бірінші және екінші бөліктерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

25) 105-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы "немесе сотқа" деген сөздер " , сотқа" деген сөзбен ауыстырылсын;

26) 106-баптың бірінші бөлігі "тұлға" деген сөзден кейін ", сол сияқты оның қорғаушысы (қорғаушылары)" деген сөздермен толықтырылсын;

27) 107-баптың төртінші бөлігі "әрекеттері" деген сөзден кейін "(әрекетсіздігі)" деген сөзбен толықтырылсын;

28) 112-баптың үшінші бөлігіндегі "күдіктіні айыптау" деген сөздер "оны айыптау" деген сөздермен ауыстырылсын;

29) 122-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қылмыстық процесті жүргізетін орган процеске қатысушылардың өтінішхаттары немесе өз бастамасы бойынша өзінің іс жүргізуіндегі қылмыстық іс бойынша жауап алу немесе сарапшы немесе маман ретінде қорытынды беру үшін осы Кодексте белгіленген тәртіппен кез келген адамды шақыруға; осы Кодексте көзделген процестік әрекеттерді жүргізуге; коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді берудің және жария етудің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртібін сақтай отырып, жеке, заңды тұлғалардан және лауазымды адамдардан, сондай-ақ жедел-ізвестіру немесе

қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын органдардан іс үшін маңызы бар құжаттар мен нәрселерді беруді талап етуге; уәкілетті органдар мен лауазымды адамдардан ревизиялар мен тексерулер жүргізуді талап етуге құқылы. Кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне ревизиялар мен тексерулер жүргізу туралы сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының талаптары прокурормен келісілуге тиіс. Сот өз бастамасымен дәлелдемелер жинауға құқылы емес.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы прокурордың санкциясымен өзінің іс жүргізуіндегі қылмыстық іс бойынша заңды тұлғалардан, лауазымды адамдардан, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың басшыларынан:

1) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабына сәйкес банк құпиясын құрайтын мәліметтерді;

2) қарыз алушылар туралы, микрокредиттердің мөлшері туралы, қарыз алушыға қатысты микрокредит беру туралы шарттың өзге де талаптары туралы, микроқаржы ұйымы жүргізетін операциялар туралы мәліметтерді;

3) борышкер, кредитор, берешек, банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт шеңберінде кредитормен міндеттемелерге байланысты үшінші тұлғалар туралы, берешекті өндіріп алу туралы жасалған шарттардың талаптары туралы мәліметтерді және коллекторлық қызметті жүзеге асыру кезінде коллекторлық агенттік алған және (немесе) жасаған өзге де мәліметтерді;

4) тауар биржасында коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді сұратуға да құқылы.";

30) 127-баптың бірінші бөлігіндегі "жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша кассациялық тәртіппен" деген сөздер "кассациялық тәртіппен, сондай-ақ жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

31) 129-баптың үшінші бөлігі "қоспағанда" деген сөзден кейін "жеткізу негіздері мен уақыты көрсетіле отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

32) 145-баптың үшінші бөлігі үшінші абзацының 4) тармағындағы "мөлшерде" деген сөзден кейін ", бірақ қылмыстардың тиісті санатындағы кепілдің ең төменгі мөлшерінің жартысынан аз емес мөлшерде" деген сөздермен толықтырылсын;

33) 146-бапта:

екінші бөлікте:

1) тармақтағы "тұрғынжайдан" деген сөз "шұғыл жағдайлар мен төтенше жағдайларды қоспағанда, қылмыстық процесті жүргізетін органның рұқсатынсыз тұрғынжайдан" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"осы бөліктің 5) тармағында және осы баптың үшінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, қылмыстық процесті жүргізетін органның рұқсатынсыз телефон арқылы сөйлесуге, хат-хабар жөнелтуге және байланыс құралдарын пайдалануға тыйым салу;"

3) тармақтағы "белгілі бір" деген сөздер "осы баптың үшінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, қылмыстық процесті жүргізуші органның рұқсатынсыз белгілі бір" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Соттың ұйқамақ туралы қаулысында күдіктіге, айыпталушыға қолданылатын нақты шектеулер белгіленеді, сондай-ақ қадағалауды жүзеге асыратын орган немесе лауазымды адам көрсетіледі.

Ұйқамақ кезінде көзделген, соттар жеке не тұтастай қолданатын шектеулер қамаққа алынған адамның өмір сүру, денсаулығын қорғау, сот арқылы қорғалу және білікті заң көмегін алу құқықтарын, сондай-ақ осы Кодексте бекітілген, олардан туындайтын процестік құқықтарды бұзбауға тиіс.

Күдіктінің, айыпталушының бірге тұратын отбасы мүшелерімен, өзінің заңды өкілімен немесе белгіленген тәртіппен іске кіріскен қорғаушысымен, қылмыстық процесті жүргізетін органмен және сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын қадағалауды, сондай-ақ қамаққа алынған адамның мінез-құлқын қадағалауды жүзеге асыратын адамдармен байланыстарды жүзеге асыру мүмкіндігі, өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін шағымдар мен өтінішхаттар беруі, шұғыл қызметтерді шақыру, процестік әрекеттер мен сот отырыстарына қатысу үшін байланыс құралдарын пайдалануы шектелмейді.

Күдікті, айыпталушы байланыс құралдарын пайдаланудың әрбір жағдайы туралы қамаққа алынған адамның мінез-құлқын қадағалауды жүзеге асыратын органға хабарлауға міндетті.";

төртінші бөлік "151" деген цифрлардан кейін ", 152" деген цифрлармен толықтырылсын;

34) 151-бапта:

екінші бөлікте:

"аудандық (қалалық)" деген сөздер "өңірлер мен гарнизондардың әскери прокурорымен, өңірлік көлік прокурорымен, аудандық" деген сөздермен ауыстырылсын;

"облыс прокурорымен" деген сөздер "Бас әскери прокурормен, Бас көлік прокурорымен, облыс прокурорымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "облыс прокурорымен" деген сөздер "Бас әскери прокурормен, Бас көлік прокурорымен, облыс прокурорымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөліктегі "облыс прокуроры" деген сөздер "Бас әскери прокурор, Бас көлік прокуроры, облыс прокуроры" деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы бөлік "келісу үшін" деген сөздерден кейін "өңірлер мен гарнизондардың әскери прокурорларына, өңірлік көлік прокурорларына," деген сөздермен толықтырылсын;

35) 158-баптың жетінші бөлігі "кем емес" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен төленетін" деген сөздермен толықтырылсын;

36) 161-бапта:

бірінші бөліктің төртінші абзацы:

"билік етуге" деген сөздерден кейін "уақытша" деген сөзбен толықтырылсын;

"не белгіленген" деген сөздерден кейін "уақытша" деген сөзбен толықтырылсын;

тоғызыншы бөлікте:

екінші абзацтағы "өткен соң" деген сөздер "өткенге дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзац алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы оныншы бөлікпен толықтырылсын:

"10. Мүлікке билік етуге уақытша шектеу белгіленген, мүлікпен мәмілелер және өзге де операциялар жасау тоқтатыла тұрған мерзім өткен және тергеу сотының мүлікке тыйым салуды қолдануды санкциялауы туралы қаулы келіп түспеген жағдайларда, қаржы ұйымдары және мүлікті және (немесе) мүлікке құқықтарды тіркеу саласындағы уәкілетті органдар сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамды дереу хабардар ете отырып, мүлікке билік етуге уақытша шектеуді, мүлікпен мәмілелер және өзге де операциялар жасауды тоқтата тұруды өз бетінше алып тастауға міндетті.";

37) 179-баптың бірінші бөлігінде:

бірінші абзацтың екінші сөйлемі алып тасталсын;

3) тармақтағы "жөнінде қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыз, хабар немесе баянат тіркелуге жатпайды." деген сөздер "жөнінде;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) және 5) тармақтармен толықтырылсын:

"4) залалдың, елеулі зиянның не кәсіпкерлік субъектісі алған заңсыз кірістің болуы қылмыстық құқық бұзушылықтың міндетті белгісі болып табылған кезде олардың болуының расталмаған белгілері бар құқық қорғау органының немесе арнаулы мемлекеттік органның уәкілетті бөлімшесі маманының қорытындысына негізделген;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаралатын азаматтық-құқықтық дау бар қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыз, хабар немесе баянат тіркелуге жатпайды.";

үшінші абзацтағы "баптың бірінші бөлігінің" деген сөздер "бөліктің екінші абзацының" деген сөздермен ауыстырылсын;

38) 187-бапта:

бірінші бөліктегі "206 (екінші және үшінші бөліктерінде), 207 (екінші және үшінші бөліктерінде), 208 (екінші және үшінші бөліктерінде)," деген сөздер "206 (екінші, 2-1 және үшінші бөліктерінде), 207 (екінші, 2-1 және үшінші бөліктерінде), 208 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде)," деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлікте:

"125," деген цифрлардан кейін "125-1 (екінші және үшінші бөліктерінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

"206 (екінші және үшінші бөліктерінде), 207 (екінші және үшінші бөліктерінде), 208 (екінші және үшінші бөліктерінде)," деген сөздер "206 (екінші, 2-1 және үшінші бөліктерінде), 207 (екінші, 2-1 және үшінші бөліктерінде), 208 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде)," деген сөздермен ауыстырылсын;

"339," деген цифрлардан кейін "339-1," деген цифрлармен толықтырылсын;

"352," деген цифрлар "352-1 (үшінші және төртінші бөліктерінде)," деген сөздермен ауыстырылсын;

"438 (екінші және үшінші бөліктерінде), 439 (екінші және үшінші бөліктерінде)" деген сөздер "438 (1-1, екінші және үшінші бөліктерінде), 439 (1-1, екінші және үшінші бөліктерінде)," деген сөздермен ауыстырылсын;

"464" деген цифрлар "464 (екінші және үшінші бөліктерінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-1-бөлік "214 (екінші бөлігінде)," деген сөздерден кейін "214-1 (екінші бөлігінде), 214-2 (екінші бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

4-1-бөліктің бірінші абзацында:

"197 (үшінші және төртінші бөліктерінде)," деген сөздер алып тасталсын;

"232," деген цифрлардан кейін "232-1 (екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші бөліктерінде), 233-1 (үшінші және төртінші бөліктерінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 217 (екінші бөлігінде, үшінші бөлігінің 1) және 2) тармақтарында), 217-1 (екінші бөлігінде)-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты алдын ала тергеуді экономикалық тергеу қызметі жүргізеді.";

бесінші бөліктегі "443 (үшінші бөлігінде)," деген сөздер алып тасталсын;

39) 188-баптың екінші бөлігі "көпшілігі" деген сөзден кейін "не қылмыстық құқық бұзушылық ақпараттандыру объектілері, оның ішінде Интернет желісі арқылы жасалған жағдайда жәбірленуші" деген сөздермен толықтырылсын;

40) 190-бапта:

4-2-бөліктің бірінші абзацындағы "бірінші және 1-1-бөліктерінде" деген сөздер "бірінші, 1-1 және 1-2-бөліктерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

жетінші бөліктің 1) тармағы "бекітеді" деген сөзден кейін ", өз қарарымен айыпталушыны сотқа береді" деген сөздермен толықтырылсын;

41) 191-бапта:

екінші бөлікте:

"119 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде)," деген сөздерден кейін "125-1 (бірінші бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

"139," деген цифрлардан кейін "140 (үшінші бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

"350 (бірінші бөлігінде)," деген сөздерден кейін "352-1 (екінші бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

"431-баптарында" деген сөздер "431, 464 (бірінші бөлігінде)-баптарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлік "214 (бірінші бөлігінде)," деген сөздерден кейін "214-1 (бірінші бөлігінде), 214-2 (бірінші бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөліктегі "440 (үшінші бөлігінде)" деген сөздер "440 (2-1 және үшінші бөліктерінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

сегізінші бөлік мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 217 (бірінші бөлігінде), 217-1 (бірінші бөлігінде)-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша анықтауды экономикалық тергеу қызметі жүргізеді.";

оныншы бөліктегі "бірінші бөлігінде" деген сөздер "бірінші және 1-1-бөліктерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

он алтыншы бөлік:

"115," деген цифрлардан кейін "115-1," деген цифрлармен толықтырылсын;

"351 (бірінші бөлігінде)," деген сөздерден кейін "352-1 (бірінші бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

он тоғызыншы бөлікте:

", 197 (бірінші және екінші бөліктерінде)" деген сөздер алып тасталсын;

"199 (екінші бөлігінде)-баптарында" деген сөздер "199 (екінші бөлігінде), 232-1 (бірінші бөлігінде), 233-1 (бірінші және екінші бөліктерінде)-баптарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

жиырма үшінші бөлік "348 (бірінші бөлігінде)," деген сөздерден кейін "352-1 (бірінші бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

42) 192-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы "Қылмыстық сот ісін жүргізудің" деген сөздер "Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Бірнеше іс біріктірілген іс бойынша іс жүргізу мерзімі уақыты бойынша қылмыстық істің бірінші жүргізілуі басталған күннен бастап есептеледі. Егер біріктірілген істердің біреуі бойынша бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау не

ұйқамақ қолданылса, сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі көрсетілген бұлтартпау шаралары қолданылған істі сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған күннен бастап есептеледі.";

төртінші бөлікте:

екінші абзацта:

"байланысты" деген сөзден кейін "өңірлер мен гарнизондардың әскери прокуроры, өңірлік көлік прокуроры," деген сөздермен толықтырылсын;

"оған" деген сөз "оларға" деген сөзбен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы "шешу кезінде –" деген сөздерден кейін "Бас әскери прокурор, Бас көлік прокуроры," деген сөздермен толықтырылсын;

алтыншы бөліктегі "ауданның, облыстың прокурорына және оларға теңестірілген прокурорларға" деген сөздер "өңір мен гарнизонның әскери прокурорына, өңірлік көлік прокурорына, ауданның прокурорына, Бас әскери прокурорға, Бас көлік прокурорына, облыстың прокурорына және оларға теңестірілген прокурорларға" деген сөздермен ауыстырылсын;

43) 192-2-баптың алтыншы бөлігінің 1) тармағы "бекітеді" деген сөзден кейін ", өзінің қарарымен айыпталушыны сотқа береді" деген сөздермен толықтырылсын;

44) 193-бапта:

бірінші бөлікте:

5) тармақ "туралы" деген сөзден кейін ", оның ішінде параллель қаржылық тергеп-тексеру жүргізу туралы" деген сөздермен толықтырылсын;

11) тармақтағы "не сотқа дейінгі тергеп-тексеруді толық көлемде немесе нақты адамдарға қатысты тоқтатады" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 11-1) тармақпен толықтырылсын:

"11-1) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді толық көлемде немесе нақты адамдарға қатысты тоқтатады;"

16-1-тармақ "бекітеді" деген сөзден кейін ", өз қарарымен айыпталушыны сотқа береді" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің үшінші абзацындағы "облыстар прокуратураларының" деген сөздер "Бас әскери прокуратураның, Бас көлік прокуратурасының, облыстар прокуратураларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

45) 194-баптың үшінші бөлігі "оның орынбасары," деген сөздерден кейін "Бас әскери прокурор, Бас көлік прокуроры," деген сөздермен толықтырылсын;

46) 197-бап мынадай мазмұндағы жетінші бөлікпен толықтырылсын:

"7. Кәмелетке толмағанның қатысуымен тергеу әрекетін жүргізу кезінде оның заңды өкілдері қатысуға құқылы, сондай-ақ осы Кодексте көзделген жағдайларда педагог және (немесе) психолог тартылады.";

47) 210-баптың сегізінші бөлігінде орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

48) 213-бапта:

тақырыпта:

"жауап алудың" деген сөздерден кейін ", беттестірудің" деген сөзбен толықтырылсын;

"жауап алу" деген сөздерден кейін ", беттестіру" деген сөзбен толықтырылсын;

бірінші бөлікте:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жәбірленушіден, куәдан, қорғалуға құқығы бар куәдан, күдіктіден жауап алу, сондай-ақ беттестіру олар аумағында болатын не тұратын ауданның не облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына оларды шақыру арқылы ғылыми-техникалық құралдар пайдаланыла отырып, бейнебайланыс режимінде (қашықтықтан жауап алу, беттестіру) жүргізілуі мүмкін. Қашықтықтан жауап алу, беттестіру барысында процестік әрекетке қатысушылар жауап алынып жатқан адамның айғақтарын тікелей трансляциядан бірден қабылдайды."

екінші абзацтағы "Қашықтықтан жауап алу" деген сөздер "Қашықтықтан жауап алу, беттестіру" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктің бірінші абзацында:

"Қашықтықтан жауап алу" деген сөздер "Қашықтықтан жауап алу, беттестіру" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ғылыми-техникалық" деген сөзден кейін "дыбыс- және" деген сөздермен толықтырылсын;

49) 217-бапта:

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы "күдікті немесе оның іске қорғаушы ретінде қатысатын адвокаты" деген сөздер "қорғалуға құқығы бар куә, күдікті, іске қорғаушы ретінде қатысатын адвокат" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "күдіктіге және оның іске қорғаушы ретінде қатысатын адвокатына" деген сөздер "қорғалуға құқығы бар куәға, күдіктіге және іске қорғаушы ретінде қатысатын адвокатқа" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктің бірінші абзацында:

"күдіктінің (ол болған жағдайда), қорғаушы ретінде қатысатын оның адвокатының," деген сөздер "қорғалуға құқығы бар куәнің, күдіктінің (ол болған жағдайда), қорғаушы ретінде қатысатын адвокаттың," деген сөздермен ауыстырылсын, "күдіктінің жауап алуға қатысуы жәбірленушінің, куәнің қауіпсіздігіне қатер төндіретін болса, күдікті" деген сөздер "қорғалуға құқығы бар куәнің, күдіктінің жауап алуға қатысуы жәбірленушінің, куәнің қауіпсіздігіне қатер төндіретін болса, олар" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Егер қорғалуға құқығы бар куәнің жауап алуға шақырылуы қылмыстық іс бойынша жүргізіліп жатқан жасырын тергеу іс-шаралары туралы ақпараттың ашылу қаупін туғызса, ол жауап алуға шақырылмайды.";

"Күдіктінің" деген сөз "Қорғалуға құқығы бар куәнің, күдіктінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

50) 220-баптың он үшінші бөлігінде орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

51) 232-баптың сегізінші бөлігіндегі "Кәсіби көмекті жүзеге асыратын" деген сөздер "Заң көмегін көрсететін" деген сөздермен ауыстырылсын;

52) 254-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Тінту және алу қисынды мерзімде жүргізілуге тиіс.";

53) 255-баптың екінші бөлігіндегі "куәгерлер мен" деген сөздер "куәгерлердің және қажет болған кезде" деген сөздермен ауыстырылсын;

54) 257-бапта:

алтыншы бөліктегі "кезінде маман қатысуға құқылы" деген сөздер "маманды тарта отырып жүргізілуі мүмкін" деген сөздермен ауыстырылсын;

жетінші бөліктің екінші сөйлемі алып тасталсын;

55) 258-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тергеу эксперименті оның барысы мен нәтижелерін тіркеп-белгілеудің ғылыми-техникалық құралдары міндетті түрде қолданыла отырып жүргізіледі. Қажет болған жағдайда тергеу экспериментіне қатысуға маман, сарапшы тартылуы мүмкін. Күдіктіні, жәбірленушіні, куәгерді және тәжірибелік іс-қимылдарды жүргізетін адамдарды тарту олардың келісімімен жүзеге асырылады. Экспериментке қатысушыларға оның мақсаттары мен жүргізу тәртібі түсіндіріледі.";

56) 260-бапта:

екінші бөліктің екінші сөйлемі алып тасталсын;

үшінші бөліктегі "қателердің" деген сөз "кемшіліктердің" деген сөзбен ауыстырылсын;

57) 272-1-баптың екінші бөлігінде:

"оның адвокаттық қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензияның нөмірі," деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Сұрау салуға қорғау (өкілдік ету) туралы жазбаша хабарлама да қоса беріледі.";

58) 274-бапта:

тақырып "куәнің" деген сөзден кейін "(оның ішінде қорғалуға құқығы бар куәнің)" деген сөздермен толықтырылсын;

бірінші бөлікте:

1) тармақтағы "танысуға және" деген сөздер ", сараптама объектілерінің шығу тегі туралы ақпаратпен танысуға," деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақпен толықтырылсын:

"5-1) сарапшының қосымша материалдар беру туралы өтінішхатын қанағаттандыру не оны қанағаттандырудан бас тарту туралы қаулымен танысуға;"

59) 299-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 7) тармақпен толықтырылсын:

"7) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 48-бабына сәйкес тәркіленуге жататын мүлік анықталған жағдайда тәркілеуді қолдану қажеттілігін растайтын дәлелдемелердің тізбесі.";

60) 39-тараудың тақырыбы ", сондай-ақ айыптау актісін алғаннан кейін қорғаушының әрекеттері" деген сөздермен толықтырылсын;

61) 301-бап мынадай мазмұндағы 8-2) тармақпен толықтырылсын:

"8-2) параллель қаржылық тергеп-тексеру жүргізілгенін-жүргізілмегенін;"

62) 302-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 3-1) тармақпен толықтырылсын :

"3-1) параллель қаржылық тергеп-тексеру жүргізілмеген не тиісті түрде жүргізілмеген жағдайда, қосымша тергеп-тексеру жүргізу үшін қылмыстық істі сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға жібереді;"

63) 305-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Кодекстің 304-бабында көзделген әрекеттер жасалған соң прокурор өзінің қарарымен айыпталушыны сотқа береді және айыптау актісімен бірге қылмыстық істі соттылығы бойынша сотқа жібереді.";

64) 39-тарау мынадай мазмұндағы 305-1-баппен толықтырылсын:

"305-1-бап. Қорғау актісі

1. Айыптау актісінің көшірмесін алғаннан кейін қорғаушы қорғауындағы адамның келісімімен сотқа қорғау актісін ұсынуға құқылы.

Бұл ретте қорғау актісінің көшірмесі прокурорға жіберіледі.

2. Қорғау актісінде қорғау тарапының дәлелдері және (немесе) өтінішхаттары көрсетіледі.

3. Қорғау актісіне сот отырысына шақырылуға тиіс адамдардың тізімі (қорғау тізімі), заттай дәлелдемелер қоса берілуі мүмкін. Тізімде адамның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), оның процестік жағдайы, тұрғылықты жері көрсетіледі.

4. Қорғау актісіне қорғаушы мен оның қорғауындағы адамы қол қояды.

Сот талқылауы барысында қорғау актісін өзгертуге және толықтыруға қорғаудағы адамның келісімімен жол беріледі.";

65) 308-баптың екінші бөлігіндегі "146 (екінші және үшінші бөліктерінде)" деген сөздер "146 (үшінші және төртінші бөліктерінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

66) 309-баптың екінші бөлігінің 2) тармағындағы "146 (екінші және үшінші бөліктерінде)" деген сөздер "146 (үшінші және төртінші бөліктерінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

67) 321-баптың төртінші бөлігіндегі "146 (екінші және үшінші бөліктерінде)" деген сөздер "146 (үшінші және төртінші бөліктерінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

68) 322-баптың бесінші бөлігі мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Басты сот талқылауының қисынды мерзімін айқындау кезінде қылмыстық істің құқықтық мән-жайы және нақты күрделілігі, процеске қатысушылардың процестік құқықтарының іске асырылуын қамтамасыз ету, сот әрекеттерінің жеткіліктілігі мен тиімділігі сияқты мән-жайлар ескеріледі."

69) 323-бапта:

"сотқа дейінгі жеделдетілген іс жүргізу істері бойынша немесе жасалған процестік келісімдері бар істер бойынша" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы екінші және үшінші абзацтармен толықтырылсын:

"Қылмыстық-процестік заңнаманың елеулі бұзушылықтарын жою сотқа дейінгі тергеп-тексерудің толымсыздығын толықтыруға байланысты бола алмайды.

Прокурор сотқа дейінгі тергеп-тексерудің толымсыздығын толықтыру үшін қылмыстық істі сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына қайтаруға құқылы емес.";

70) 336-баптың үшінші бөлігіндегі "Ол" деген сөз "Қорғауындағы адамның келісімімен ол сотқа қорғау ұстанымын негіздеп, жаңа қорғау актісін ұсынуға, сондай ақ" деген сөздермен ауыстырылсын;

71) 364-баптың бірінші бөлігінде:

"жүзеге асырылады және" деген сөздерден кейін "мемлекеттік" деген сөзбен толықтырылсын;

", ал олар болмағанда сот отырысы хатшысының" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Азаматтық талап қойылған жағдайда талап қою талаптарының мәнін азаматтық талап қойған адам немесе оның өкілі баяндайды.";

72) 365-бап мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"5. Сот осы Кодекстің 382-бабында көрсетілген мән-жайлар болған кезде сотталушының ұстанымын негізге ала отырып, істі қысқартылған тәртіппен талқылау туралы мәселені қарайды.";

73) 370-бапта:

екінші бөлік мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Куәдан жауап алу бейнеконференция байланысы құралдарын пайдалана отырып жүргізілген жағдайда, оған өзінің міндеттері мен жауапкершілігін түсіндіру туралы мәліметтер сот отырысының хаттамасында тіркеп-белгіленеді.";

бесінші бөліктегі "оның қаулысы" деген сөздер "тараптың өтінішхаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

74) 383-баптың бірінші бөлігі "сот отырысында" деген сөздерден кейін "ұсынылмаған және" деген сөздермен толықтырылсын;

75) 384-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Соңғы сөзін сөйлеу сотталушының құқығы болып табылады.";

76) 390-баптың бірінші бөлігінің 9) тармағында:

"қылмыстық-атқару" деген сөзден кейін "(пенитенциарлық)" деген сөзбен толықтырылсын;

"түрі мен режимінде" деген сөздер "түрінде" деген сөзбен ауыстырылсын;

77) 398-баптың бірінші бөлігі 4) тармағының екінші абзацындағы "түрі мен режимін" деген сөздер "түрін" деген сөзбен ауыстырылсын;

78) 402-баптың үшінші бөлігі "процестің басқа қатысушыларына" деген сөздерден кейін "қабылданған шешімнің мәнін," деген сөздермен толықтырылсын;

79) 414-баптың екінші бөлігінде:

"Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры және оның орынбасарлары," деген сөздер "Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры және оның орынбасарлары, Бас әскери прокурор, Бас көлік прокуроры" деген сөздермен ауыстырылсын;

"олардың орынбасарлары," деген сөздерден кейін "өңірлер мен гарнизондардың әскери прокурорлары, өңірлік көлік прокурорлары," деген сөздермен толықтырылсын;

80) 423-баптың бесінші бөлігі мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Мұндай жағдайларда судья шағымды, өтінішхатты хатпен қайтарады.";

81) 424-баптың бірінші бөлігіндегі "қосымша ұсынылған, апелляциялық сатының отырысында зерттелген" деген сөздер "тараптар апелляциялық сатыдағы сотта қосымша ұсынған" деген сөздермен ауыстырылсын;

82) 427-бап алып тасталсын;

83) 428-бапта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Апелляциялық сатыдағы сот шағымдар, прокурордың өтінішхаты бар қылмыстық іс келіп түскен күннен бастап он тәулік ішінде сот отырысын тағайындайды, бұл туралы қаулы шығарады, онда сотталған немесе ақталған адамға қатысты бұлтартпау шарасын сақтау, таңдау, күшін жою немесе өзгерту туралы мәселені шешеді. Сот қаулысының көшірмесі шығарылған күннен бастап үш тәулік ішінде тараптарға жіберіледі.";

үшінші бөліктегі "Сот бірінші сатыдағы сотта қараудың нысанасы болып табылмаған жаңа дәлелдемелерді зерттеген" деген сөздер "Апелляциялық сатыдағы сот сот тергеуін жүргізген" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөліктегі "апелляциялық сатының жаңа дәлелдемелерді зерттеуі кезінде" деген сөздер "апелляциялық сатыдағы сот сот тергеуін жүргізген кезде" деген сөздермен ауыстырылсын;

84) 429-бапта:

екінші бөліктің бірінші абзацындағы "медиациялық тәртіппен татуласуға қол жеткізу туралы келісім" деген сөздер "татуласуға қол жеткізу туралы келісім, оның ішінде медиациялық тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлікте:

"тұлға" деген сөз "тараптар" деген сөзбен ауыстырылсын;

орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Тараптар өздерінің апелляциялық шағымдарында, өтінішхаттарында, егер олар дәлелдемелерді бірінші сатыдағы сотқа ұсынып, бірақ бірінші сатыдағы сот оларды қабылдамаған болса немесе егер олар өздеріне байланысты емес дәлелді себептермен бірінші сатыдағы сотқа дәлелдемелерді ұсына алмаған болса ғана бірінші сатыдағы сот зерттемеген дәлелдемелерді негізге алуы мүмкін.";

төртінші бөліктің бірінші абзацындағы "медиациялық тәртіппен татуласуға қол жеткізу туралы келісім" деген сөздер "татуласуға қол жеткізу туралы келісім, оның ішінде медиациялық тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші бөліктің екінші абзацындағы "медиациялық тәртіппен татуласуға қол жеткізу туралы келісім" деген сөздер "татуласуға қол жеткізу туралы келісім, оның ішінде медиациялық тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын;

85) 430-бапта:

бірінші бөлікте:

1) тармақта:

"талап етіп алдыруға, тараптардың өтінішхаты бойынша –" деген сөздер "және" деген сөзбен ауыстырылсын;

"талап етіп алдыруға" деген сөздер "қоса тігуге және зерттеуге" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақта:

"сот отырысына" деген сөздер "тараптар мәлімдеген" деген сөздермен ауыстырылсын;

"куәларды, сарапшыларды, мамандарды шақыруға және олардан" деген сөздер "куәлардан, сарапшылардан, мамандардан" деген сөздермен ауыстырылсын;

"немесе олардың өтінуі бойынша сот талап етіп алдырған" деген сөздер алып тасталсын;

үшінші бөліктегі "медиациялық тәртіппен татуласуға қол жеткізу туралы келісім" деген сөздер "татуласуға қол жеткізу туралы келісім, оның ішінде медиациялық тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын;

86) 433-баптың 1) тармағындағы "және" деген сөз "немесе" деген сөзбен ауыстырылсын;

87) 435-баптың бірінші бөлігінің 1) тармағындағы "қаралған" деген сөз "зерттелген" деген сөзбен ауыстырылсын;

88) 438-баптың екінші бөлігіндегі "сотталушыға тағылған және" деген сөздер алып тасталсын;

89) 471-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Осы Кодекстің 476-бабының 3) және 7) тармақтарында көрсетілген мәселелер бойынша сот қаулысы заңды күшіне енеді және дереу орындауға енгізіледі.";

90) 475-баптың бірінші бөлігінің 2) тармағындағы "немесе сотталған әйелдің жас балалары болса және жас балаларды жалғыз өзі тәрбиелейтін еркектерге" деген сөздер ", сотталған әйелдің жас баласы болса немесе оны тәрбиелеп отырса және жас баласын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркекке" деген сөздермен ауыстырылсын;

91) 476-бап мынадай мазмұндағы 11-1) тармақпен толықтырылсын:

"11-1) ынтымақтастық туралы процестік келісімнің талаптары орындалған кезде жазаны өтеуден босату туралы;"

92) 478-бапта:

төртінші бөлік мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Егер осы Кодекстің 476-бабының 5) және 11-1) тармақтарында көзделген мәселелер ынтымақтастық туралы процестік келісім талаптарын орындаумен байланысты болса, сот оларды жабық сот отырысында қарайды.";

бесінші бөлікте:

"5) тармағында" деген сөздер "5) және 11-1) тармақтарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

"немесе оның орынбасарының" деген сөздер ", Бас әскери прокурордың, Бас көлік прокурорының, облыс прокурорының және оларға теңестірілген прокурорлардың немесе олардың орынбасарларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

93) 480-баптың екінші бөлігіндегі "немесе оның орынбасарының" деген сөздер ", облыс прокурорының немесе оған теңестірілген прокурордың, олардың орынбасарларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

94) 482-баптың бірінші бөлігі:

"Сотталған адам" деген сөздерден кейін "немесе оның қорғаушысы" деген сөздермен толықтырылсын;

"әрекеттеріне (әрекетсіздігіне)" деген сөздерден кейін "және шешімдеріне" деген сөздермен толықтырылсын;

95) 485-баптың бірінші бөлігінің 3) тармағында:

"қылмыстық атқару" деген сөздер "қылмыстық-атқару (пенитенциарлық)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"түзеу мекемелері режимін" деген сөздер "мекемесін" деген сөзбен ауыстырылсын;

96) 528-баптың үшінші бөлігінің 1) тармағы "бекітеді" деген сөзден кейін ", өз қарарымен айыпталушыны сотқа береді" деген сөздермен толықтырылсын;

97) мынадай мазмұндағы 589-1-баппен толықтырылсын:

"589-1-бап. Қылмыс жасағаны үшін шет мемлекет іздестіріп жатқан адамға қатысты кепілді қолдану

1. Шет мемлекеттің құзыретті органының адамды күзетпен ұстау туралы шешімін орындау жөніндегі қамтамасыз ету шарасы ретінде тергеу судьясы іздестіріліп жатқан адамға қатысты оны шет мемлекетке ұстап беру (экстрадициялау) мақсатында осы Кодекстің 145-бабында белгіленген тәртіппен кепіл қолдануы мүмкін.

2. Қамтамасыз ету шарасы ретінде кепілді таңдаған кезде прокурор аудандық және оған теңестірілген сотқа өтінішхат енгізеді.

Өтінішхатқа осы Кодекстің 588-бабының екінші бөлігінде көрсетілген құжаттар, сондай-ақ өтінішхаттың негізділігін растайтын өзге де материалдар қоса тіркеледі.

Осы Кодекстің 587-бабының тәртібімен ұстап алынған адамға қатысты кепіл қолданылған жағдайда, прокурор өтінішхатты осы Кодекстің 588-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімдерде не экстрадициялық тексерудің кез келген сатысында енгізеді.

3. Аса ауыр қылмыстар туралы істерді қоспағанда, тергеу судьясы адамды уақытша күзетпен ұстау не экстрадициялық қамаққа алуды қолдану туралы қаулы шығарған кезде, осы Кодекстің 148-бабының тоғызыншы бөлігінде көзделген жағдайлардан басқа, адамның осы Кодекстің 140-бабының үшінші бөлігінде көзделген міндеттерді орындауын қамтамасыз ету үшін жеткілікті кепіл мөлшерін айқындауға міндетті.

Тергеу судьясының қаулысында кепіл енгізілген жағдайда осы Кодекстің 140-бабында көзделген қандай міндеттер адамға жүктелетіні, оларды орындамау салдары, кепіл мөлшерін таңдаудың негізділігі, сондай-ақ оны қолдану мүмкіндігі көрсетіледі.

4. Адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешім заңды күшіне енгеннен кейін прокурор осы Кодекстің 589-бабында көзделген тәртіппен экстрадициялық қамаққа алуды қолдану туралы шешім қабылдайды.";

98) 590-баптың бірінші бөлігінің 7) тармағы "сұрау салушы тарапта" деген сөздерден кейін "өлім жазасын," деген сөздермен толықтырылсын;

99) 608-бапта:

екінші бөліктің 5) тармағындағы "қылмыстық-атқару мекемесінің" деген сөздер "қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемесінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

сегізінші бөлік "белгіленген" деген сөзден кейін "апелляциялық" деген сөзбен толықтырылсын;

100) 618-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Күдіктімен, айыпталушымен, сотталушымен, сотталған адаммен ынтымақтастық туралы процестік келісімді тиісінше Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, Бас әскери прокурор, Бас көлік прокуроры, облыстың прокуроры немесе оған теңестірілген прокурор, олардың орынбасарлары бекітеді.";

101) 619-баптың алтыншы бөлігінде:

"Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына," деген сөздерден кейін "Бас әскери прокурорға, Бас көлік прокурорына," деген сөздермен толықтырылсын;

", ал сотталған адаммен келісім – Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына не оның орынбасарына" деген сөздер алып тасталсын;

102) 620-баптың бірінші абзацында:

"сотталушыға" деген сөзден кейін ", сотталған адамға" деген сөздермен толықтырылсын;

"– Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, облыстың прокуроры немесе оған теңестірілген прокурор, олардың орынбасарлары, ал сотталған адамға қатысты – Қазақстан Республикасы Бас Прокуроры не оның орынбасары" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, Бас әскери прокурор, Бас көлік прокуроры, облыстың прокуроры немесе оған теңестірілген прокурор, олардың орынбасарлары" деген сөздермен ауыстырылсын;

103) 621-баптың бірінші бөлігінде:

"облыс прокуроры" деген сөздер "Бас әскери прокурор, Бас көлік прокуроры, облыстың прокуроры" деген сөздермен ауыстырылсын;

", ал сотталған адамға қатысты – Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, оның орынбасары" деген сөздер алып тасталсын;

104) 629-3-баптың төртінші бөлігінің 1) тармағы "бекітеді" деген сөзден кейін ", өзінің қарарымен айыпталушыны сотқа береді" деген сөздермен толықтырылсын;

105) 631-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы "146 (екінші және үшінші бөліктерінде)" деген сөздер "146 (үшінші және төртінші бөліктерінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "146 (екінші және үшінші бөліктерінде)" деген сөздер "146 (үшінші және төртінші бөліктерінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

106) 636-баптың төртінші бөлігі алып тасталсын;

107) 650-баптың алтыншы бөлігінде:

"Сотталушының" деген сөзден кейін "және жәбірленушінің" деген сөздермен толықтырылсын;

"оны" деген сөз "оларды" деген сөзбен ауыстырылсын;

"сотталушыға" деген сөз "сотталушыға да, сондай-ақ жәбірленушіге де" деген сөздермен ауыстырылсын;

108) 667-баптың бірінші бөлігінде:

"35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4) және 11) тармақтары" деген сөздер "35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10), 11) және 12) тармақтары, 36-бабының бірінші бөлігі" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне:

1) 3-баптың 11) тармақшасындағы ", сондай-ақ қамаққа алуға сотталғандарды" деген сөздер алып тасталсын;

2) 12-бап мынадай мазмұндағы тоғызыншы бөлікпен толықтырылсын:

"9. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көрсетілген қатер болмаған не жойылған жағдайда жазаны орындайтын мекеменің немесе органның әкімшілігі сотталған адамды қауіпсіз орында ұстауды тоқтатады. Сотталған адамды қауіпсіз орында ұстауды тоқтату прокурормен келісім бойынша жазаны орындайтын мекеме немесе орган бастығының қаулысымен ресімделеді.";

3) 16-баптың бірінші бөлігі 20) тармақшасындағы "қағидаларын бекітеді." деген сөздер "қағидаларын;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 21) тармақшамен толықтырылсын:

"21) мекемелерде өткізу режимін ұйымдастыру қағидаларын бекітеді.";

4) 17-бапта:

бірінші бөліктің 1) тармақшасындағы және екінші бөліктің 1) тармақшасындағы " сот үкіміне немесе қаулысына сәйкес бас бостандығынан айыруға сотталғандарды", " сотталғандарды" деген сөздер тиісінше "бас бостандығынан айыруға сотталғандарды есепке алуды және оларды сот үкіміне немесе қаулысына сәйкес", "сотталғандарды есепке алуды және оларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлік мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Мекеме жазасын өтеуге келген бас бостандығынан айыруға сотталғандарды есепке алуды жүргізеді.";

5) 26-баптың бесінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қатысты химиялық кастрация олар босатылғанға дейін алты ай бұрын қолданылады. Осыған байланысты мекеме әкімшілігі оларда психикалық ауытқушылықтар мен сексуалдық зорлық-зомбылыққа бейімділіктің бар (жоқ) екендігі туралы мәселені шешу үшін жазаны өтеу мерзімі аяқталғанға дейін он екі айдан кешіктірмей сот-психиатриялық сараптама тағайындау үшін материалдарды сотқа жібереді. Осы бөліктің ережелері сотталған адамдардың есінің дұрыстығын жоққа шығармайтын, психикасының бұзылуының анықталуына байланысты соттың шешімі бойынша медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылатын сотталғандарға қолданылмайды.";

6) 35-баптың екінші бөлігі 5) тармақшасындағы "адамдар қоғамдық байқау комиссиясының мүшелері бола алмайды." деген сөздер "адамдар;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) жазаны орындайтын мекемелер мен органдарда ұсталатын сотталғандардың жұбайы (зайыбы), жақын туыстары қоғамдық байқау комиссиясының мүшелері бола алмайды.";

7) 59-бап мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) қоғамдық жұмыстарды орындау кезеңінде киім нысанының үлгісін қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган айқындайтын кеудеше киюге;" ;

8) 61-бапта:

3), 4) және 5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"3) сотталған адамды сот үкімін, қаулысын алғаны туралы хабарламамен және әкімдіктің қоғамдық жұмыстарды орындауды ұйымдастыру туралы өкімімен оларды алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде қолын қойғызып таныстырады;

4) жергілікті атқарушы органдар ұйымдастыратын қоғамдық жұмыстардың орындалуын сотталған адамның қоғамдық жұмыстарды орындау орнына бару арқылы, оның ішінде техникалық мүмкіндік болған кезде олардың орындалуын ішінара тіркеп-белгілеу арқылы бақылайды;

5) әкімдіктен жұмыс істелген уақытты есепке алу табелі мен орындалған жұмыстар актісін, сондай-ақ сотталған адамның мінез-құлқы туралы ақпаратты алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде онымен профилактикалық әңгімелесу жүргізеді;" ;

мынадай мазмұндағы 6) және 7) тармақшалармен толықтырылсын:

"6) жазасын өтеуден жалтару мақсатында жасырынған сотталған адамға қатысты бастапқы іздестіру іс-шараларын жүзеге асырады және іздестіру жариялау туралы ұсынуды сотқа енгізеді;

7) қоғамдық жұмыстардың орындалуы туралы мәліметтерді масс-медиада таратады." ;

9) 62-баптың тақырыбы және бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"62-бап. Қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің жергілікті атқарушы органдарының қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны орындау кезіндегі өкілеттіктері

1. Қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің жергілікті атқарушы органдары:

1) сот үкімін немесе қаулысын алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде:

белгілі бір біліктілікті талап етпейтін, қоғамға пайдалы ақысыз жұмыстар түрін, сондай-ақ еңбек жағдайларының қауіпсіздігін ескере отырып, оларды қоғамдық орындарда орындау үшін объектілерді айқындауға;

сотталған адамның деректерін, ақы төленбейтін қоғамға пайдалы жұмыстардың түрін, оларды орындауға арналған объектіні, орындау шарттарын, жауапты ұйымды, күніне төрт сағаттан аспайтын, ал тұрақты жұмыс орны жоқ және оқу орындарында оқымайтын сотталғандарға – күніне сегіз сағатқа дейін, бірақ аптасына қырық сағаттан аспайтын жұмыспен өтеу уақытының ұзақтығын, демалу уақытын көрсете отырып, қоғамдық жұмыстарды орындауды ұйымдастыру туралы өкім шығаруға;

пробация қызметіне сот үкімін немесе қаулысын алғаны туралы хабарлама және қоғамдық жұмыстарды орындауды ұйымдастыру туралы өкім жіберуге;

2) киім нысанының үлгісін қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган айқындаған кеудешемен және қоғамдық жұмыстарды орындау үшін қажетті жабдықтармен, құрал-саймандармен және өзге де құралдармен сотталған адамды қамтамасыз ету үшін шаралар қолдануға;

3) ағымдағы айдың соңғы жұмыс күнінен кешіктірмей пробация қызметіне жұмыс істелген уақытты есепке алу табелі мен орындалған жұмыстар актісін, сондай-ақ сотталған адамның мінез-құлқы туралы ақпаратты жіберуге;

4) сотталған адамның қоғамдық жұмыстарды орындаудан жалтару фактісі туралы пробация қызметіне хабарлауға міндетті.";

10) 83-баптың бірінші бөлігіндегі ", тергеу изоляторларының оқшауланған учаскелерінде" деген сөздер алып тасталсын;

11) 85-баптың бірінші бөлігінде:

бірінші абзацтағы "камераларда қатаң оқшаулау жағдайларында" деген сөздер " арнаулы қабылдау орындарындағы камераларда" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші абзацтағы "ұйымдарының емдеу мекемелеріне" деген сөздер "жүйесінің медициналық ұйымдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 88-бапта:

4-1-бөлікте:

бірінші абзац "Осы баптың" деген сөздерден кейін "екінші," деген сөзбен толықтырылсын;

екінші абзац ", ал" деген сөзден кейін "жаңа құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу үшін жіберілген немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

бесінші бөліктегі "өлім жазасы түріндегі жазасы кешірім жасау тәртібімен немесе өлім жазасын жоятын заңның қолданылуына байланысты бас бостандығынан айыруға ауыстырылған сотталғандар," деген сөздер алып тасталсын;

13) 89-бапта:

екінші бөліктің 2) тармақшасындағы "қамаққа алуға," деген сөздер алып тасталсын; алтыншы бөліктің 2) тармақшасы алып тасталсын;

14) 90-бапта:

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы "жіберіледі." деген сөз "жіберіледі, бұған мыналар:

1) үкім заңды күшіне енген кезде зертханалық тұрғыда расталған бактерия бөлінуі анықталған, ол тоқтағанға дейін, туберкулезбен ауыратын;

2) одан әрі стационарлық емдеу қажет болмаған кезде, адам сауыққанға дейін, басқа да қауіпті инфекциялық аурулары бар;

3) оларға қатысты жеке басын куәландыратын құжат ресімделіп жатқан;

4) жазасын өтеу мерзімінің соңына дейін бір айдан аспайтын уақыт қалған сотталғандар кірмейді." деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлік мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Бұл ретте сотталғандар сот шешімін күткен кезеңде оларға сот тағайындаған сол мекеме түрі үшін осы Кодексте белгіленген жағдайлар қолданылады.";

15) 92-бапта:

мынадай мазмұндағы 5-1-бөлікпен толықтырылсын:

"5-1. Сот үкімі заңды күшіне енгеннен кейін туберкулез не басқа да қауіпті инфекциялық ауру анықталған сотталған адам зертханалық тұрғыда расталған бактерия бөлінуі тоқтағанға дейін не одан әрі стационарлық емдеу қажеттілігі болмағанға дейін қауіпсіздігі аралас мекемеде қалдырылады.

Қалдыру туралы шешімді қылмыстық-атқару жүйесінің уәкілетті органы сот тағайындаған сол мекеме түрі үшін Кодексте көзделген жағдайларда қабылдайды.";

жетінші бөліктің бірінші абзацында:

"мекемеге" деген сөзден кейін "жіберілген және" деген сөздермен толықтырылсын:

3) тармақшадағы "пайдалануға құқылы." деген сөздер "пайдалануға;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) және 5) тармақшалармен толықтырылсын:

"4) бір жыл ішінде екі сауқат немесе сәлемдеме және бір бандероль алуға;

5) мынадай жағдайларда: жұбайы (зайыбы), жақын туысы қайтыс болғанда немесе науқастың өміріне қатер төндіретіндей қатты ауырғанда; оның отбасына айтарлықтай материалдық залал келтірген дүлей зілзала болғанда немесе жеке сипаттағы өзге де айрықша мән-жайларда телефон арқылы сөйлесуді пайдалануға құқылы.";

16) 94-баптың екінші бөлігінің үшінші абзацындағы "; өлім жазасы түріндегі жазасы кешірім жасау тәртібімен немесе өлім жазасын жоятын заңның қолданылуына байланысты бас бостандығынан айыруға ауыстырылған сотталғандар" деген сөздер алып тасталсын;

17) 95-баптың төртінші бөлігі бесінші абзацының 2) және 3) тармақшаларындағы " кемінде бір көтермелеуі, бірінші оң мінез-құлық дәрежесі болған", "кемінде бір көтермелеуі, екінші оң мінез-құлық дәрежесі болған" деген сөздер тиісінше "бірінші оң мінез-құлық дәрежесі, кемінде бір көтермелеуі болған", "екінші оң мінез-құлық дәрежесі, кемінде бір көтермелеуі болған" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 96-бапта:

екінші бөліктің 4) тармақшасы алып тасталсын;

үшінші бөліктің бірінші абзацындағы "Дәрежесі үшінші теріс мінез-құлықты және жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзушылық жасаған" деген сөздер "Жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзуға жол берген" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 97-баптың тоғызыншы бөлігі 2) тармақшасындағы "оңтайландыруды қамтамасыз етуге міндетті." деген сөздер "оңтайландыруды;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) мекемелерде ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларының жұмысын тоқтата тұруды қамтамасыз етуге міндетті. Қылмыстық-атқару жүйесінің уәкілетті органы ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларын тіркеу қағидаларында белгіленген тәртіппен ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының жұмысын тоқтата тұру туралы орындалуы міндетті талапты сәйкестендіру кодтарының орталық дерекқорының операторына жібереді.";

20) 98-баптың бесінші бөлігінің үшінші абзацындағы "жергілікті" деген сөз "оқшауланған" деген сөзбен ауыстырылсын;

21) 99-баптың бірінші бөлігі "ақпарат алу үшін" деген сөздерден кейін ", пилотсыз әуе кемесінің мекемелер аумақтарының үстінен және оларға іргелес аумақтардың үстінен ұшуының жолын кесу үшін" деген сөздермен толықтырылсын;

22) 101-бапта:

бірінші бөліктегі "Дүлей зілзала болған" деген сөздер "Табиғи, техногендік және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай туындаған" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы "отыз тәулікке" деген сөздер "отыз тәулікке дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

23) 104-баптың екінші бөлігінде:

2) тармақшадағы "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздер "қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) тармақшадағы "өлім жазасы түріндегі жазасы кешірім жасау тәртібімен немесе өлім жазасын жоятын заңның қолданылуына байланысты бас бостандығынан айыруға ауыстырылған сотталғандарды," деген сөздер алып тасталсын;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) камераларда, карантиндік бөлімшелердің, тәртіптік изоляторлардың, жасақтардың, жалғыз адамдық камералардың, уақытша оқшаулау үй-жайларының бөлмелерінде және ортақ пайдаланылатын үй-жайларында бекітілген графикке сәйкес кезекшілік атқаруға және оларда санитариялық жинауды жүргізуге;"

үшінші бөліктің 10) тармақшасы "қоспағанда," деген сөзден кейін "мекеме аумағында" деген сөздермен толықтырылсын;

24) 106-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сотталғандарға мекеме аумағында:

1) ұзақтығы екі сағат қысқа мерзімді;

2) ұзақтығы – екі тәулік, ал дәрежесі үшінші оң мінез-құлықты сотталғандарға ұзақтығы үш тәулік ұзақ мерзімді кездесулер беріледі.";

25) 109-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы "әрқайсысының" деген сөз "күніне" деген сөзбен ауыстырылсын;

26) 113-бапта:

бірінші бөлікте:

"қалдырылған және" деген сөздерден кейін "төтенше қауіпсіз немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) ұзақ мерзімге – қауіпсіздігі барынша төмен мекемеде жыл сайынғы ақылы демалыс уақытында тұрғылықты жері бойынша жылына бір рет шығуға құқығы бар.";

үшінші бөліктің 2) тармақшасы алып тасталсын;

27) 119-бапта:

тақырып және бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"119-бап. Сотталғандардың еңбегін ұйымдастыру

1. Мекеме әкімшілігі барлық еңбекке жарамды сотталғандарды ақылы жұмыстарға тарту үшін жұмыс орындарын құру жөнінде шаралар қабылдайды.

Сотталғандар:

1) мекемеде мекеменің шаруашылық қызмет көрсету лауазымдарына;

2) қылмыстық-атқару жүйесінің кәсіпорындарында;

3) сотталған адам жазасын өтеп жатқан мекеме аумағында орналасқан ұйымдарда жұмысқа орналастырылады.";

мынадай мазмұндағы 1-1, 1-2, 1-3, 1-4, 1-5 және 1-6-бөліктермен толықтырылсын:

"1-1. Мекемелердің әкімшілігі осы Кодекстің 88-бабы төртінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген жағдайда сотталғандарды сол түрдегі басқа мекемеде жұмысқа орналастыруға құқылы.

1-2. Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген объектілерде жұмысқа орналастыру мүмкіндігі болмаған кезде сотталғандар мекеме орналасқан елді мекен шегіндегі күзетілетін аумақтың шегінен тыс жердегі өзге де ұйымдарда, олар жұмыс берушінің есебінен инженерлік-техникалық қадағалау, бақылау және күзету құралдарымен жабдықталған және мекеме әкімшілігі тиісті күзету мен оқшаулауды қамтамасыз еткен жағдайда, жұмысқа орналастырылуы мүмкін.

1-3. Сотталғандарды мекеменің күзетілетін аумағынан тыс орналасқан өндірістік объектілерге шығаруға рұқсат не одан бас тарту сотталғандарға мінездемесі мен мінез-құлқы ескеріле отырып, мекеме бастығының не оны алмастыратын адамның қаулысы бойынша, мекеме комиссиясының материалдары негізінде беріледі. Қаулының көшірмесі келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей прокурорға жіберіледі.

1-4. Мыналар:

1) өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталғандар;

2) есінің дұрыстығын жоққа шығармайтын, психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар деп танылған, сондай-ақ туберкулезден не басқа да инфекциялық аурудан емделуді аяқтамаған сотталғандар;

3) террористік, экстремистік қылмыстар үшін не қылмыстық топтың құрамында жасаған қылмыстары үшін сотталғандар;

4) қашып шығуға бейім ретінде профилактикалық есепте тұрған сотталғандар;

5) жазасын өтеу кезеңінде жасаған қасақана қылмыстары үшін сотталғандар;

6) теріс мінез-құлық дәрежесі бар сотталғандар мекеменің күзетілетін аумағынан тыс жерге шығарылмайды.

1-5. Мекеме әкімшілігі:

1) қылмыстық-атқару жүйесінің жоғары тұрған органдарының жазбаша нұсқауы бойынша;

2) оны босату кезінде;

3) сотталған адам жазаны өтеу тәртібін бұзған жағдайда;

4) жұмыс беруші шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда;

5) мекемеде ерекше жағдайлар режимі енгізілген кезде сотталған адамды жұмысқа орналастырылған ұйымнан кері шақыртып алуға міндетті.

1-6. Сотталғандардың еңбегін ұйымдастыру Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасымен келісу бойынша қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен және шарттарда жүзеге асырылады.";

28) 121-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"3. Тәртіптік изоляторда, жалғыз адамдық камерада және уақытша оқшаулау үй-жайларында ұсталатын адамдар камераларда және ортақ пайдаланылатын орындарда тұрудың санитариялық-гигиеналық жағдайларын жақсарту және тәртіптік изолятордың, жалғыз адамдық камераның және уақытша оқшаулау үй-жайының аумағын абаттандыру бойынша ұзақтығы аптасына екі сағаттан аспайтын ақы төленбейтін жұмыстарға тартылады.";

29) 122-бапта:

"Ұстап қалудан қалған сома" деген сөздерден кейін ", мөлшеріне қарамастан," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші және үшінші абзацтармен толықтырылсын:

"Бұл ретте қауіпсіздігі барынша төмен мекемеде жазасын өтеп жатқан сотталғандарда бар сомаларды қоспағанда, соманың қалған бөлігі ең төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшерінен аз болуы мүмкін.

Атқару парақтары немесе басқа да атқару құжаттары бойынша ұстап қалу сотталғандардың туыстарынан немесе басқа адамдардан алатын ақша аударымдарынан да жүргізіледі, бұл ретте айына бір рет жиырма айлық есептік көрсеткіштен асатын сома ұстап қалуға жатады.";

30) 126-баптың үшінші бөлігіндегі "мінез-құлық дәрежесін айқындау және" деген сөздер алып тасталсын;

31) 129-бап мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"5. Сотталғандарға заңды бұза отырып қолданылған көтермелеулердің күші жоғары тұрған лауазымды адамның уәжді қаулысы не прокурорлық қадағалау актісі бойынша жойылады.";

32) 130-баптың екінші бөлігінде:

6), 7) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"6) қауіпсіздігі барынша төмен мекеменің, медициналық денсаулық сақтау ұйымының және жұмыс объектісінің аумақтарын өз бетінше тастап кету;

7) осы Кодекстің 113-бабының сегізінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, мекеменің шегінен тыс жерге қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді шығуға рұқсат етілген, сондай-ақ бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алу, моншаға, шаштаразға бару үшін, оқуына және өздері орындайтын жұмысына байланысты шығуға рұқсат етілген сотталған адамның мекемеге белгіленген мерзімде оралмауы,";

мынадай мазмұндағы 14), 15) және 16) тармақшалармен толықтырылсын:

"14) мекеме әкімшілігінің рұқсатынсыз мекеменің ішкі тыйым салынған аймағының қоршауынан өту;"

15) психикаға белсенді әсер ететін затты тұтыну және масаң күйде болу фактісін анықтау үшін белгіленген қағидаларға сәйкес медициналық куәландырудан өтуден бас тарту;

16) бейнебақылау камералары мен бейнетіркегіштердің қажетті шолуына кедергі жасау.";

33) 132-бап мынадай мазмұндағы он бірінші бөлікпен толықтырылсын:

"11. Сотталғандарға заңды бұза отырып қолданылған тәртіптік жазалардың күші жоғары тұрған лауазымды адамның уәжді қаулысымен не прокурорлық қадағалау актісі бойынша жойылады.";

34) 136-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жазасын жеңілдікті жағдайларда өтеп жүрген сотталғандар жатақханаларда немесе камераларда тұрады.

Олар:

1) ай сайын тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алуға ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы қаражатты он бес айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде жұмсауға;

2) бір жыл ішінде он екі сауқат немесе сәлемдеме және он екі бандероль алуға;

3) бір жыл ішінде он екі қысқа мерзімді және он екі ұзақ мерзімді кездесу алуға құқылы.";

35) 137-баптың бесінші бөлігіндегі "кемінде тоғыз" деген сөздер "алты" деген сөзбен ауыстырылсын;

36) 138-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жазасын жеңілдікті жағдайларда өтеп жүрген сотталғандар жатақханаларда немесе камераларда тұрады.

Олар:

1) ай сайын тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алуға ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы қаражатты он екі айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде жұмсауға;

2) бір жыл ішінде алты сауқат немесе сәлемдеме және алты бандероль алуға;

3) бір жыл ішінде алты қысқа мерзімді және алты ұзақ мерзімді кездесу алуға құқылы.";

37) 139-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы ", сондай-ақ өлім жазасы кешірім жасау тәртібімен немесе өлім жазасының күшін жоятын заңды қолдануға байланысты өмір бойына бас бостандығынан айыруға ауыстырылған сотталғандар" деген сөздер алып тасталсын;

38) 143-бапта:

сегізінші бөліктің бірінші абзацындағы "қылмыстық-атқару жүйесінің мемлекеттік мекемелеріне" деген сөздер "қылмыстық-атқару жүйесінің басқа мекемесіне, аумақтық органына не қылмыстық-атқару жүйесінің уәкілетті органына" деген сөздермен ауыстырылсын;

тоғызыншы бөлік мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Осы бөліктің 3) және 6) тармақшаларында көзделген жағдайларда сотталғандар қылмыстық-атқару жүйесінің мемлекеттік мекемелерінде қалдырылуы мүмкін.";

39) 146-баптың төртінші бөлігінде:

төртінші абзацта:

"Жеңілдетілген" деген сөз "Дағдылы, жеңілдетілген" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жергілікті" деген сөз "оқшауланған" деген сөзбен ауыстырылсын;

бесінші абзацтағы "Дағдылы және қатаң" деген сөздер "Қатаң" деген сөзбен ауыстырылсын;

40) 149-баптың төртінші бөлігіндегі "жергілікті" деген сөз алып тасталсын;

41) 152-бап мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Сотталғандарға заңды бұза отырып қолданылған көтермелеулердің күші жоғары тұрған лауазымды адамның уәжді қаулысымен немесе прокурорлық қадағалау актісі бойынша жойылады.";

42) 154-бап мынадай мазмұндағы жетінші бөлікпен толықтырылсын:

"7. Сотталғандарға заңды бұза отырып қолданылған тәртіптік жазалардың күші жоғары тұрған лауазымды адамның уәжді қаулысымен не прокурорлық қадағалау актісі бойынша жойылады.";

43) 162-баптың оныншы бөлігінде:

екінші абзац "жағдайда," деген сөзден кейін "осы бөліктің үшінші абзацында көзделген жағдайды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Сот өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталған адамды шартты түрде мерзімінен бұрын босатудан бас тартқан кезде, өтінішхат бас тарту туралы қаулы шығарылған күннен бастап үш жыл өткеннен кейін қайта енгізілуі мүмкін.";

44) 169-бапта:

бірінші бөлік мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Электрондық бақылау құралдарын қолдану өмір бойына бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарға міндетті болып табылады.";

үшінші бөлік "жалтарған болса," деген сөздерден кейін "қылмыстық құқық бұзушылық, оның ішінде қайталап қылмыс жасаса, сотқа дейінгі іс жүргізу Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 65-бабы бірінші бөлігінің, 68-бабы бірінші және үшінші бөліктерінің, 78-бабы екінші және төртінші бөліктерінің негізінде тоқтатылған жағдайда," деген сөздермен толықтырылсын;

45) қосымшаның 8) тармақшасы "пайдаланылған" деген сөзден кейін "не қылмыстық құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған" деген сөздермен толықтырылсын.

5. 2020 жылғы 7 шілдедегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне:

110-баптың 9-тармағы "өндіруге," деген сөзден кейін "сату, тарату мақсатында сақтауға, жөнелтуге, тасымалдауға," деген сөздермен толықтырылсын.

6. "Жедел-іздістіру қызметі туралы" 1994 жылғы 15 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңында:

12-баптың 4-тармағының 1) тармақшасында:

"197 (үшінші бөлігі), 207 (екінші бөлігі)," деген сөздер "206 (2-1-бөлігі), 207 (екінші және 2-1-бөліктері), 208 (үшінші бөлігі)," деген сөздермен ауыстырылсын;

"232 (бірінші бөлігі)," деген сөздерден кейін "233-1 (үшінші бөлігі)," деген сөздермен толықтырылсын.

7. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңында:

50-баптың 6-тармағының а) тармақшасындағы "мөрмен расталған және" деген сөздер алып тасталсын.

8. "Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнайы мекемелерде, арнайы үй-жайларда ұстау тәртібі мен шарттары туралы" 1999 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 2-баптың 1) тармақшасындағы "әкімшілік қамауға алынған" деген сөздер "әкімшілік қамаққа алынған және қамаққа алуға сотталған" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 5-баптың 3) тармақшасында:

"әкімшілік қамауға алынған" деген сөздер "әкімшілік қамаққа алынған немесе қамаққа алуға сотталған" деген сөздермен ауыстырылсын;

"судьяның оларды қамауға алу туралы қаулысының" деген сөздер "сот актісінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 15-баптың бүкіл мәтіні бойынша "күдіктілер мен айыпталушыларды", "сезіктілер мен айыпталушыларды", "сезіктілер мен айыпталушылардың", "сезіктілер мен айыпталушылардан", "күдіктілер мен айыпталушылардың", "сезіктілердің, айыпталушылардың және сотталушылардың", "сезіктілер мен айыпталушыларға", "сезіктілер мен айыпталушылар" деген сөздер тиісінше "күдіктілерді, айыпталушыларды және сотталушыларды", "күдіктілерді, айыпталушыларды және сотталушыларды", "күдіктілердің, айыпталушылардың және сотталушылардың", "күдіктілерден, айыпталушылардан және сотталушылардан", "күдіктілердің, айыпталушылардың және сотталушылардың", "күдіктілердің, айыпталушылардың және сотталушылардың", "күдіктілерге, айыпталушыларға және сотталушыларға", "күдіктілер, айыпталушылар және сотталушылар" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 46-бапта:

1-тармақта:

"Дүлей апаттар, жұқпалы аурулар, індеттер, ауқымды өрт ошақтары, тіршілікті қамтамасыз ету жүйелеріндегі ірі апаттар" деген сөздер "Күзетпен ұстау орындары орналасқан ауданда табиғи, техногендік және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай туындаған, төтенше, ерекше жағдай және соғыс жағдайы енгізілген кезде" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Ерекше жағдайлар режимін енгізу мақсаттарына көрсетілген мерзімдерде қол жеткізілмеген жағдайда, оның қолданылу уақытын көрсетілген лауазымды адамдар қосымша отыз тәулікке дейін ұзартады.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ерекше жағдайлар режимін енгізу кезінде:

1) күзетпен ұсталатын күдіктілерді, айыпталушылар мен сотталушыларды күзету, өткізу режимі және қадағалау күшейтіледі;

2) мыналар:

күдіктілердің, айыпталушылардың және сотталушылардың қатысуымен өткізілетін барлық іс-шаралар;

сауқаттар мен сәлемдемелер қабылдау;

қорғаушымен кездесу;

осы Заңның 17-бабында санамаланған туыстарымен және өзге де адамдармен кездесу;

күдіктілердің, айыпталушылардың және сотталушылардың тергеу әрекеттері мен сот отырыстарына қатысу үшін шығуы;

күдіктілерді, айыпталушыларды, сотталушыларды уақытша ұстау изоляторларына ауыстыру шектелуі немесе тоқтатыла тұруы мүмкін;

3) мынадай:

күдіктіге, айыпталушыға және сотталушыға қылмыстық процесті жүргізуші адамның немесе органның жазбаша рұқсаты негізінде жеке қаражатынан төленетін телефон арқылы сөйлесу;

күдіктілерге, айыпталушыларға және сотталушыларға қорғаушылармен, туыстарымен және өзге де адамдармен осы Заңның 17-бабында көзделген тәртіппен мекемеде бар телекоммуникация құралдарын қолдана отырып кездесулер ұйымдастырылуы мүмкін.";

5) 3-2-тараудың тақырыбындағы "Әкімшілік қамауға алынған" деген сөздер "Әкімшілік қамаққа алынған және қамаққа алуға сотталған" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 46-6-бапта:

тақырыптағы "әкімшілік қамауға алынған" деген сөздер "әкімшілік қамаққа алынған және қамаққа алуға сотталған" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтың бірінші абзацындағы "Әкімшілік қамауға алынған" деген сөздер "Әкімшілік қамаққа алынған және қамаққа алуға сотталған" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 және 4-тармақтардағы "Әкімшілік қамауға алынған" деген сөздер "Әкімшілік қамаққа алынған және қамаққа алуға сотталған" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақта:

"әкімшілік қамауға алынған" деген сөздер "әкімшілік қамаққа алынған және қамаққа алуға сотталған" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Арнаулы қабылдау орнына орналастырылған кезде әкімшілік қамаққа алынған және қамаққа алуға сотталған адамдар бөлек ұсталады.";

7) 46-7-бапта:

тақырыптағы және 1-тармақтағы "Әкімшілік қамауға алынған" деген сөздер "Әкімшілік қамаққа алынған және қамаққа алуға сотталған" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың екінші бөлігіндегі "Әкімшілік қамауға алынған" деген сөздер "Әкімшілік қамаққа алынған және қамаққа алуға сотталған" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "әкімшілік қамауға алынған" деген сөздер "әкімшілік қамаққа алынған және қамаққа алуға сотталған" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "әкімшілік қамауға алынған" деген сөздер "әкімшілік қамаққа алынған және қамаққа алуға сотталған" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 46-8-бапта:

тақырыптағы "әкімшілік қамауға алынған" деген сөздер "әкімшілік қамаққа алынған және қамаққа алуға сотталған" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтың бірінші абзацындағы "әкімшілік қамауға алынған" деген сөздер "әкімшілік қамаққа алынған және қамаққа алуға сотталған" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "әкімшілік қамауға алынған" деген сөздер "әкімшілік қамаққа алынған және қамаққа алуға сотталған" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ "Әкімшілік қамаққа алынған" деген сөздерден кейін "және қамаққа алуға сотталған" деген сөздермен толықтырылсын;

9) 46-9-бапта:

тақырыптағы "Әкімшілік қамауға алынған" деген сөздер "Әкімшілік қамаққа алынған және қамаққа алуға сотталған" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтағы "Әкімшілік қамауға алынған" деген сөздер "Әкімшілік қамаққа алынған және қамаққа алуға сотталған" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "Әкімшілік қамауға алынған" деген сөздер "Әкімшілік қамаққа алынған және қамаққа алуға сотталған" деген сөздермен ауыстырылсын.

9. "Бағалы қағаздар нарығы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

43-баптың 3-тармағының 1) тармақшасы "өздері" деген сөз "прокурордың санкциясымен өздері" деген сөздермен ауыстырылсын.

10. "Байланыс туралы" 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 15-1-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ішкі істер органдарының қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерін күзетуін қамтамасыз ету мақсатында қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің уәкілетті органы өздерінің аумақтары шегінде:

1) радиосигналды бұғаттауға не абоненттік құрылғылардың санкциясыз пайдаланылуын анықтау және (немесе) жолын кесу үшін арнаулы техникалық жабдықты қолданады;

2) ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларын тіркеу қағидаларына сәйкес қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінде және тергеу изоляторларында пайдаланылатын ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының жұмысын сәйкестендіру коды бойынша тоқтата тұруды және оны қайта бастауды жүзеге асырады.

2. Байланыс операторлары қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің аумағында радиосигналдың таралуын азайту мақсатында уақтылы ден қоюды және шаралар қабылдауды қоса алғанда, өздерінің байланыс желілерін оңтайландыруды қамтамасыз етуге міндетті.";

2) 41-1-бап мынадай мазмұндағы 1-6-тармақпен толықтырылсын:

"1-6. Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларын пайдалануға тыйым салуды қамтамасыз ету мақсатында қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің уәкілетті органы ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларын тіркеу қағидаларында белгіленген тәртіппен ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының жұмысын тоқтата тұру туралы орындалуы міндетті талапты сәйкестендіру кодтарының орталық дерекқорының операторына жібереді.".

11. "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 95-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың күші бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеп жатқан адамдарға қолданылмайды.";

2) 148-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) адвокаттың сұрау салуы бойынша қылмыстық, азаматтық, әкімшілік процесте және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуде қорғаушы немесе өкіл ретінде заң көмегін көрсетуіне байланысты қажетті мәліметтерді беруге;".

12. "Микроқаржылық қызмет туралы" 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

21-баптың 4-тармағының 1) тармақшасындағы "мөрмен расталған және" деген сөздер алып тасталсын.

13. "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 2014 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 6-баптың 1-тармағының 39-1) тармақшасындағы "мемлекеттік психиатриялық мекемені" деген сөздер "мемлекеттік психиатриялық ұйымды" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 12-баптың 1-тармағында:

3) тармақша "полицияның" деген сөзден кейін "және пробация қызметінің" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақша ", сондай-ақ" деген сөзден кейін "пробация қызметтерінің және" деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармақшадағы "учаскелік полиция инспекторлары қызмет көрсететін учаскелерде оларды жиһазбен, байланыс құралдарымен жабдықталған, жұмысқа арналған үй-жаймен" деген сөздер "пробация қызметтерін және учаскелік полиция инспекторларын қызмет көрсететін учаскелерінде жұмыс істеу үшін жиһазбен,

байланыс құралдарымен жабдықталған үй-жайлармен" деген сөздермен ауыстырылсын

14. "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

25-бап мынадай мазмұндағы 14-тармақпен толықтырылсын:

"14. Клиентке үшінші тұлғалардың төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруына қолжетімділік алуына алып келген, үшінші тұлғаларға банк шотына не төлем құралына не сәйкестендіру құралына қолжетімділікті ұсынуға, сондай-ақ төлем құралын не сәйкестендіру құралын беруге, жұбайына (зайыбына) және жақын туыстарына, сондай-ақ заңнамада белгіленген жағдайларда өзге де тұлғаларға осындай қолжетімділікті беруді қоспағанда, тыйым салынады.

Клиентке материалдық сыйақы немесе мүліктік сипаттағы пайда үшін үшінші тұлғаның мүддесінде немесе үшінші тұлғаның пайдасына төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға тыйым салынады.

Жұбайының (зайыбының) және жақын туыстарының, сондай-ақ заңнамада белгіленген жағдайларда өзге де тұлғалардың банктік шотын, төлем құралын не сәйкестендіру құралын пайдалануды қоспағанда, үшінші тұлғалардың банктік шотын, төлем құралын не сәйкестендіру құралын пайдалана отырып, төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға тыйым салынады."

15. "Коллекторлық қызмет туралы" 2017 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

11-баптың 3-тармағының 1) тармақшасындағы "мөрмен расталған және" деген сөздер алып тасталсын.

16. "Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы" 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

6-баптың 1-тармағында:

1) тармақшаның екінші абзацындағы "146 (бірінші және екінші бөліктерінде)" деген сөздер "146 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшаның екінші абзацында:

"125 (үшінші бөлігінің 3) тармағында) (денсаулыққа ауыр зиян келтіру бөлігінде)," деген сөздерден кейін "125-1 (үшінші бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

"146 (үшінші бөлігінде)" деген сөздер "146 (төртінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"352 (денсаулыққа ауыр зиян келтіру бөлігінде)," деген сөздерден кейін "352-1 (денсаулыққа ауыр зиян келтіру бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақшаның екінші абзацында:

"146 (үшінші бөлігінде)" деген сөздер "146 (төртінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"352 (адам өліміне не екі немесе одан көп адам өліміне алып келген құқық бұзушылық бөлігінде)," деген сөздерден кейін "352-1 (адам өліміне не екі немесе одан көп адам өліміне алып келген құқық бұзушылық бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын.

2-бап. Осы Заң, 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 3-тармағы 2) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарын, 9), 10) және 11) тармақшаларын, 12) тармақшасының үшінші және төртінші абзацтарын, 13) тармақшасын, 44) тармақшасының үшінші абзацын, 61) және 62) тармақшаларын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК